

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

**Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша**

**САЛЫСТЫРМА КЕСТЕ**

(екінші оқылым)

<b>Р/с №</b>	<b>Құрылымдық бөлігі</b>	<b>Заңнамалық актінің редакциясы</b>	<b>Жобаның редакциясы</b>	<b>Ұсынылып отырған өзгерістің немесе толықтырудың редакциясы</b>	<b>Өзгерістің немесе толықтырудың авторы және оның негіздемесі</b>	<b>Бас комитеттің шешімі. Негіздеме (қабылданбаған жағдайда)</b>
<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>	<b>4</b>	<b>5</b>	<b>6</b>	<b>7</b>
1.	Жобаның тақырыбы	Жоқ.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Мынадай редакцияда жазылсын: «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне <b>электр энергетикасы, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру, жер қойнауын пайдалану, жергілікті мемлекеттік басқару және мемлекеттік шекара</b> мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы».	<b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b>  «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодекске, «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» «Электр энергетикасы туралы», «Мемлекеттік шекара туралы» заңдарға түзетулер енгізуге байланысты.	<b>Қабылданды</b>

**1. 2003 жылғы 20 маусымдағы «Қазақстан Республикасының Жер кодексі» Қазақстан Республикасының Кодексі:**

2.	<p>Жобаның 1-бабының жаңа 1-тармағы</p>	<p>14-1-бап. Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың уәкілетті органдарының құзыреті ... 2. Республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімшілік бағыныстылығына берілген аумақтағы уәкілетті органының құзыретіне мыналар жатады: ... 10) жер учаскесін сатып алу-сату шарттары мен жалдау және жерді уақытша өтеусіз пайдалану шарттарын жасасу және жасалған шарттар талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыру;</p>	Жоқ.	<p>Мынадай мазмұндағы жаңа 1-тармақпен толықтырылсын:: «1. Қазақстан Республикасының Жер кодексіне: 1) 14-1-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:: «10-1) осы Кодекске және «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес берілген жер учаскелерінде мемлекеттік әлеуметтік объектілерді (мемлекеттік жалпы білім беретін мектептер мен мектепке дейінгі ұйымдар, ауруханалар мен емханалар) салу кезеңіне өтеусіз жер пайдалану шарттарын жасасу»;</p>	<p><b>Депутаттар А.С. Құспан Ж.Д. Сүлейменова</b></p> <p>Әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымын салу үшін инвесторларға одан әрі бере отырып, мемлекет мұқтажы үшін мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың ерекшеліктерін айқындайтын норманы енгізу ұсынылады. Алматы қаласының әкімдігі мәжбүрлеп иеліктен шығарудың бұл мүмкіндігін мемлекеттің әлеуметтік объектілер (мектептер, балабақшалар, емханалар, ауруханалар) салуға қатысты мемлекет</p>	<b>Қабыл-данды</b>
----	---	--	------	---	--	--------------------

				<i>Кейінгі тармақтардың нөмірленуі тиісінше өзгертілсін.</i>	мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылған жер учаскесін берген жағдайда ғана ұсынады.	
3.	Жобаның 1-бабы 1-тармағының жаңа 2) тармақшасы	16 бап. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының құзыреті ...  2. Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының жер қатынастарын реттеу саласындағы құзыретіне:  ... <b>5-1) жоқ</b>	Жоқ.	Мынадай мазмұндағы жаңа 2) тармақшамен толықтырылсын:: «2) 16-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:: <b>«4-1) мемлекет мұқтажы үшін алып қойылған жер учаскелерін мемлекеттік әлеуметтік объектілер (мемлекеттік жалпы білім беретін мектептер мен мектепке дейінгі ұйымдар, ауруханалар мен емханалар) салу үшін уақытша өтеусіз мемлекеттік емес жер пайдаланушыларға беру, одан әрі оларды өтеусіз, оның ішінде жер учаскелерін «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес</b>	<b>Депутаттар А.С. Құспан Ж.Д. Сүлейменова</b>  Әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымын салу үшін инвесторларға одан әрі бере отырып, мемлекет мұқтажы үшін мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың ерекшеліктерін айқындайтын норманы енгізу ұсынылады. Алматы қаласының әкімдігі мәжбүрлеп иеліктен шығарудың бұл мүмкіндігін мемлекеттің әлеуметтік объектілер (мектептер, балабақшалар, емханалар, ауруханалар) салуға	<b>Қабылданды</b>

				<b>сәйкестендіру сипаттамаларын өзгертпей, жергілікті атқарушы органның коммуналдық меншігіне беру;»;</b>	қатысты мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылған жер учаскесін берген жағдайда ғана ұсынады.	
4.	Жобаның 1-бабы 1-тармағының жаңа 3) тармақшасы	32-бап. Жер пайдалану құқығын табыстау ... 3. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органы өз құзыреті шегінде жер пайдаланушыларға уақытша жер пайдалану құқығын табыстаған кезде Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның уақытша жер пайдалану құқығын табыстау туралы тиісті шешімі негізінде осындай жер пайдаланушылармен жер учаскесін жалға	Жоқ.	Мынадай мазмұндағы жаңа 3) тармақшамен толықтырылсын:: «3) 32-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:: <b>Мемлекеттік әлеуметтік объектілерді (мемлекеттік жалпы білім беретін мектептер мен мектепке дейінгі ұйымдар, ауруханалар мен емханалар) салу үшін алынған жер учаскелерінде мемлекеттік емес жер пайдаланушыларға уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығын беру туралы шарт жасасу үшін оларды, оның ішінде жер учаскелерін сәйкестендіру сипаттамаларын өзгертпей, «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы»</b>	<b>Депутаттар А.С. Құспан Ж.Д. Сүлейменова</b>  Әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымын салу үшін инвесторларға одан әрі бере отырып, мемлекет мұқтажы үшін мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың ерекшеліктерін айқындайтын норманы енгізу ұсынылады. Алматы қаласының әкімдігі мәжбүрлеп иеліктен шығарудың бұл мүмкіндігін мемлекеттің әлеуметтік объектілер (мектептер, балабақшалар, емханалар, ауруханалар) салуға	<b>Қабыл- данды</b>

		<p>беру шарттары немесе уақытша өтеусіз жер пайдалану шарттары жасалады....</p> <p>жоқ.</p>		<p><b>Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жергілікті атқарушы органның коммуналдық меншігіне одан әрі өтеусіз беру негізгі шарт болып табылады.».</b></p>	<p>қатысты мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылған жер учаскесін берген жағдайда ғана ұсынады.</p>	
5.	<p>Жобаның 1-бабы 1-тармағының жаңа 4) тармақшасы</p>	<p>36-бап. Уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығы</p> <p>1. Жер учаскелері уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығымен Қазақстан Республикасының азаматтарына және Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына берілуі мүмкін:</p> <p>...</p> <p>жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдарды, мемлекеттік меншік және әлеуметтік-мәдени мақсаттағы объектілерді салу кезеңіне;</p>	Жоқ.	<p>Мынадай мазмұндағы жаңа 4) тармақшамен толықтырылсын::</p> <p>«4) 36-баптың 1-тармағының жетінші абзацы <b>«және әлеуметтік-мәдени мақсаттағы объектілерді»</b> деген сөздерден кейін <b>«,</b> сондай-ақ осы Кодекстің <b>16-бабы 2-тармағының 4-1) тармақшасына және «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Заңға сәйкес мемлекеттік әлеуметтік объектілерді (мемлекеттік жалпы білім беретін мектептер мен мектепке дейінгі ұйымдар, ауруханалар мен емханалар)»</b> деген сөздермен <b>толықтырылсын;».</b></p>	<p><b>Депутаттар А.С. Құспан Ж.Д. Сүлейменова</b></p> <p>Әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымын салу үшін инвесторларға одан әрі бере отырып, мемлекет мұқтажы үшін мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың ерекшеліктерін айқындайтын норманы енгізу ұсынылады. Алматы қаласының әкімдігі мәжбүрлеп иеліктен шығарудың бұл мүмкіндігін мемлекеттің әлеуметтік объектілер (мектептер, балабақшалар, емханалар,</p>	<b>Қабылданды</b>

					ауруханалар) салуға қатысты мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылған жер учаскесін берген жағдайда ғана ұсынады.	
6.	Жобаның 1-бабы 1-тармағының жаңа 5) тармақшасы	84-бап. Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарудың жалпы ережелері мен принциптері ... 2. Жер учаскелері айрықша жағдайларда мәжбүрлеп иеліктен шығарылған кезде: .... 5) елді мекендердің бас жоспарларын осы бапта белгіленген ерекше жағдайлардың тізбесіне жатқызылатын объектілерді салу бөлігінде орындау, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің	Жоқ.	Мынадай мазмұндағы жаңа тармақпен толықтырылсын: 5) 84-баптың 2-тармағының 5) тармақшасы «қаражаты есебінен салу» деген сөздерден кейін «және осы Кодекс пен «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жергілікті атқарушы органның коммуналдық меншігіне берілетін мемлекеттік әлеуметтік объектілерді (мемлекеттік жалпы білім беретін мектептер мен мектепке дейінгі ұйымдар, ауруханалар мен емханалар) салу» деген сөздермен толықтырылсын.	<b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b>  Әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымын салу үшін инвесторларға одан әрі бере отырып, мемлекет мұқтажы үшін мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың ерекшеліктерін айқындайтын норманы енгізу ұсынылады. Алматы қаласының әкімдігі мәжбүрлеп иеліктен шығарудың бұл мүмкіндігін мемлекеттің әлеуметтік объектілер (мектептер, балабақшалар, емханалар,	<b>Қабылданды</b>

	күжаттарында көзделген объектілерді бюджет қаражаты есебінен салу мемлекет мұқтажы болып табылады.			ауруханалар) салуға қатысты мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылған жер учаскесін берген жағдайда ғана ұсынады.	
--	--	--	--	---	--

**2. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі**

7.	Жобаның 1-бабының 1-тармағы	98-бап. Қазақстан Республикасы жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және дамыту саласындағы құзыреті 1. Қазақстан Республикасының Үкіметі: Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және дамыту саласында: .... 22) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерін аккредиттеуден өткізу қағидаларын бекітеді;	1. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 20-II, 20-III, 112-құжат; 2016 ж., № 1, 4-құжат; № 6, 45-құжат; № 7-II, 55-құжат; № 8-I, 62, 65-құжаттар; № 8-II, 72-құжат; № 12, 87-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 124, 126-құжаттар; 2017 ж., № 9, 21-құжат; № 14, 50, 51-құжаттар): 22) 98-баптың 1-тармағының 22) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: «22) аккредиттеу туралы куәліктің нысанын, аккредиттеуді	1-баптың 1-тармағы алып тасталсын.  <i>(Тармақтардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін)</i>	<b>Депутат Д.Н. Тұрғанов</b>  Заң жобасын реттеу нысанасына жатпайды.	<b>Қабыл-данды</b>
----	-----------------------------	---	--	--	---	--------------------

			жүргізу қағидаларын, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерін және өзге де коммерциялық емес ұйымдарды аккредиттеудің күшін жою негіздері мен тәртібін бекітеді;».			
<b>3. 2017 жылғы 27 желтоқсандағы «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі</b>						
8.	Жобаның 1-бабының жаңа 2-тармағы	12-бап. Пайдалы қазбалар және олардың сыныпталуы ... 3. Мұнай, шикі газ және табиғи битум көмірсутектер деп танылады. Шикі мұнай, газ конденсаты, сондай-ақ шикі мұнайды тазартқаннан кейін және жанғыш тақтатастарды, мұнай битумды жыныстарды немесе шайырлы құмдарды өндегеннен кейін алынған көмірсутектер мұнай деп танылады.	Жоқ.	Мынадай мазмұндағы жаңа 2-тармақпен толықтырылсын: 2. 2017 жылғы 27 желтоқсандағы «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне: <b>«1) 12-баптың 3-тармағы: екінші бөлік «газ конденсаты,» деген сөздерден кейін «тақтатасты мұнай,» деген сөздермен толықтырылсын;</b>	<b>Депутаттар С.Ж. Нақпаев Д.Н. Тұрғанов</b>  Күрделі геологиялық жағдайларда дәстүрлі емес тұзақтарда орналасқан көмірсутектердің дәстүрлі емес түрлерін барлауды ынталандыру мақсатында барлаудың, өндірудің, қайта өңдеудің және тасымалдаудың жаңа тривиалды емес әдістерін қолдануды талап етеді. Дәстүрлі емес көмірсутектер	<b>Қабылданды</b>



		Жоқ.		<p>мынадай мазмұндағы сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші және он екінші бөліктермен толықтырылсын:</p> <p><b>«Тақтатасты жыныстардағы шикі мұнай тақтатасты мұнай деп танылады.</b></p> <p><b>Тақтатасты жыныстардағы қалыпты атмосфералық температура мен қысым кезінде газ тәріздес күйде болатын, құрамында метан басым көмірсутектердің және көмірсутекті емес газдардың көп құрауышты қоспасы тақтатасты газ деп танылады.</b></p> <p><b>Тақтатасты жыныс деп сазбалшықты минералдар мен басқа минералдар, атап айтқанда кварц пен кальциттің ұсақ бөлшектері (қарабалшықтың немесе саздың жұқа бөлшектері) үлпектерінің қоспасын білдіретін</b></p>	дәстүрлі ресурстарға қарағанда «қымбат» ресурстар болып табылады.	
--	--	------	--	---	---	--

				<p>қарабалшықтан, органикалық заттардан түзілген, өткізгіштігі төмен, шөгінді түрдегі ұсақ түйірлі сынықтасты таужынысы танылады.</p> <p>Газ гидраттары деп ыдырауы кезінде құрамында метаны басым газ бөлінетін табиғи түзілген қатты кристалды заттар танылады.</p> <p>Тақтатасты мұнай, тақтасты газ, табиғи битум, көмір қабаттарындағы метан және газ гидраттарынан алынған газ дәстүрлі емес көмірсутектерге жатады.»;</p> <p><i>Келесі тармақтардың нөмірленуі тиісінше өзгертілсін.</i></p>		
9.	<p>Жобаның 1-бабының жаңа 2-тармағының жаңа 2) тармақшасы</p>	<p>64-бап. Жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган Жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган жер қойнауын геологиялық зерттеу және жер қойнауы кеңістігін</p>	Жоқ.	<p>Жаңа 2-тармақ мынадай мазмұндағы жаңа 2) тармақшамен толықтырылсын:</p> <p>2) 64-бап мынадай мазмұндағы 16-1) тармақшамен толықтырылсын:</p> <p><b>«16-1) кен орындарының қорлары</b></p>	<p><b>Депутаттар С.Ж. Нақпаев Д.Н. Тұрғанов</b></p> <p>Бұл түзету Геология комитетінің көмірсутектер қорларының әдіснамасын, оның ішінде дәстүрлі емес</p>	<b>Қабылданды</b>

		пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты: ... <b>16-1) жоқ.</b>		<b>мен болжамды ресурстарды сыныптау әдістемесін, пайдалы қазбалардың, оның ішінде дәстүрлі емес көмірсутектерге жатқызылатын қорларын есептеу жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлеу және бекіту;»;</b>	көмірсутектер үшін бекіту жөніндегі құзыретін белгілеу үшін қажет. Қазіргі уақытта уәкілетті органның қорларды, оның ішінде дәстүрлі емес көмірсутектер үшін сыныптау әдістемесін бекіту жөніндегі құзыреті жоқ. Бұл қорларды есептеуді және дәстүрлі емес көмірсутектер қорларын баланса қоюды қиындатады.	
<b>4. «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» 1998 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы</b>						
10.	Жобаның 1-бабының жаңа 4-тармағы	3-бап. Алматы қаласы өкілді органының өкілеттігі Алматы қаласының өкілді органы: ... 15) жоқ.	Жоқ.	Мынадай мазмұндағы жаңа 4-тармақпен толықтырылсын: <b>«1. «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» 1998 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:</b> 1) 3-бап мынадай мазмұндағы жаңа 15) тармақшамен толықтырылсын:	<b>Депутаттар А.С. Құспан Ж.Д. Сүлейменова</b> Алматы қаласы кодының дизайнын бекіту құрылыс салушылар үшін бірыңғай сәулет стандарттарын құруда ашық, болжамды ережелерді белгілеуге мүмкіндік береді және Алматының сәулеттік	<b>Қабыл-данды</b>

				<b>«15) Алматы қаласының дизайн кодын бекітуге;</b>	келбетіне келеңсіз әсерді барынша азайтады.	
11.	Жобаның 1-бабының жаңа 4-тармағының жаңа 2) тармақшасы	3-бап. Алматы қаласы өкілді органының өкілеттігі Алматы қаласының өкілді органы: ... 16) жоқ.	Жоқ.	Мынадай мазмұндағы жаңа 4-тармақпен толықтырылсын: «2) 3-бап мынадай мазмұндағы жаңа 16) тармақшамен толықтырылсын: <b>«16) жылжымайтын мүлікті ресімдеу мәселелерін қарау бойынша комиссия құруға оның құрамын және оның ережесін бекітуге;»;</b>	Депутаттар <b>А.С. Құспан</b> <b>Ж.Д. Сүлейменова</b>  ҚР қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған тәртіпте аумақтарды алу немесе заңдастыру бойынша шешімдер қабылдау үшін. Рұқсатсыз құрылысты заңдастыру меншік құқығын тану арқылы жүзеге асырылады сот тәртібінде. Жылжымайтын мүлікті алып қою немесе заңдастыру бойынша шешім қабылдау үшін комиссия құру қажет. Бұл процесс сот процесіне қарағанда әлдеқайда аз уақытты алады және әзірлеушіден ең аз қаражат алады.	<b>Қабылданды</b>

12.	Жобаның 1-бабының жаңа 3-тармағының жаңа 2) тармақшасы	3-бап. Алматы қаласы өкілді органының өкілеттігі Алматы қаласының өкілді органы: ... 17) жоқ.	Жоқ.	Мынадай мазмұндағы жаңа 3-тармақпен толықтырылсын: «2) 3-бап мынадай мазмұндағы жаңа 17) тармақшамен толықтырылсын: <b>«17) Алматы қаласында Сыртқы жарықтандыру жүйесін пайдалану қағидаларын бекітуге;»;</b>	<b>Депутаттар А.С. Құспан Ж.Д. Сүлейменова</b> Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі шараларды табысты іске асыру энергетикалық және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді және қала экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді. Сандық және сапалық көрсеткіштер берілген параметрлерге сәйкес келетін сыртқы жарықтандырудың техникалық жарамды күйін қолдау мәселелерін реттеу үшін жабдықтау деңгейін өлшеу үшін көрсетілген ережелерді әзірлеу қажет.	<b>Қабыл-данды</b>
13.	Жобаның 1-бабының жаңа 3-тармағы-	3-бап. Алматы қаласы өкілді органының өкілеттігі Алматы қаласының өкілді органы: ...	Жоқ.	Мынадай мазмұндағы жаңа 3) тармақшамен толықтырылсын: «3) 3-бап мынадай мазмұндағы жаңа 18)	<b>Депутаттар А.С. Құспан Ж.Д. Сүлейменова</b> Қоғамдық қауіпсіздік деңгейін арттыру,	<b>Қабыл-данды</b>

	ның жаңа 3) тармақ- шасы	18) жоқ.		тармақшамен толықтырылсын: «18) қоғамдық тәртіпті қорғау және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органдармен келісу бойынша меншік иелеренің келісімі болған кезде азаматтар көп жиналатын орындарда бейнекамералар орнату және бейнебақылау мониторингін жүргізу қағидаларын бекітуге құқылы.»;	қаланың шұғыл және талдау қызметтерін қоғамдық орындардағы жағдай туралы жедел ақпаратпен қамтамасыз ету үшін Алматы қаласын бейнебақылау жүйелерімен барынша жабу талап етіледі. Алматы қаласының әкімдігі жеке Бейнебақылау жүйелерін енгізу бойынша ауқымды жұмыс жүргізуде. 1103 камерада жаппай жиналатын орындарды бейнебақылау жүйесі іске асырылды. 2022 жылы қосымша 3050 камера орнату арқылы жүйені кеңейту бойынша іс-шаралар жоспарланған. Қағидаларды бекіту азаматтар көп жиналатын жерлерде бейнекамералар орнату және бейнебақылау мониторингін жүргізу рәсімдерін	
--	--------------------------------	----------	--	---	---	--

					регламенттеуге мүмкіндік береді.	
14.	Жобаның 1-бабының жаңа 2-тармағының жаңа 4) тармақшасы	4-бап. Алматы қаласының жергілікті атқарушы органының өкілеттілігі Алматы қаласының атқарушы органы: ... «6-2) жергілікті бюджет қаражаты болған кезде Алматы қаласына бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көп пәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруды және қаржыландыруды жүзеге асыруға құқылы;»	Жоқ.	Мынадай мазмұндағы жаңа 4) тармақшамен толықтырылсын: «4) 4-баптың 6-2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: <b>«6-2) жергілікті бюджет қаражаты болған кезде Алматы қаласына бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көп пәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруды және қаржыландыруды, сондай-ақ мұндай қаражатты көп пәтерлі тұрғын үйлерді күрделі жөндеу жөніндегі арнайы жалпықалалық шотқа жіберуді жүзеге асыруға құқылы;»;</b>	<b>Депутаттар А.С. Құспан Ж.Д. Сүлейменова</b>  Бұл норма көп пәтерлі тұрғын үйлердің иелеріне жабындарды күшейтуді, сейсмикалық күшейтуді қоса алғанда, күрделі жөндеуді неғұрлым тез алу үшін көп пәтерлі тұрғын үйлерді күрделі жөндеу бойынша арнайы жалпы қалалық шотты толықтыруға мүмкіндік береді.	<b>Қабыл-данды</b>
15.	Жобаның	4-бап. Алматы қаласының жергілікті	Жоқ.	3-тармақ мынадай мазмұндағы жаңа	<b>Депутаттар А.С. Құспан</b>	<b>Қабыл-данды</b>

	<p>1-бабының жаңа 4-тармағының жаңа 5) тармақшасы</p>	<p>атқарушы органының өкілеттілігі Алматы қаласының атқарушы органы: ... 9-27) жоқ</p>		<p>тармақшамен толықтырылсын: «2) 4-бап мынадай мазмұндағы 9-27) тармақшамен толықтырылсын: «9-27) Алматы қаласының субұрқак шаруашылығын ұстау және оған техникалық қызмет көрсету жөніндегі қағидаларды әзірлейді және бекітеді;</p>	<p><b>Ж.Д. Сүлейменова</b></p> <p>Бүгінгі таңда қаланың субұрқак шаруашылығын ұстау және техникалық қызмет көрсету мәселелерін реттейтін құқықтық актілер жоқ. Осыған байланысты, субұрқактарды күтіп ұстаудың барлық мәселелерін егжей-тегжейлі қарастыратын құжатты жұмыста үнемі қолдану үшін әзірлеу ұсынылады. Қаланың бұрқакты шаруашылығын ұстау және техникалық қызмет көрсету мәселелерін реттейтін құқықтық актілер жоқ, соның салдарынан мезгіл-мезгіл авариялық жағдайлар туындайды. Қағидаларды әзірлеу және бекіту субұрқактардың тиісті және үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, сондай-ақ авариялық</p>	
--	---	--	--	--	--	--



					жағдайлардың туындау тәуекелдерін барынша азайтуға мүмкіндік береді.	
16.	Жобаның 1-бабының жаңа 4-тармағының жаңа б) тармақшасы	4-бап. Алматы қаласының жергілікті атқарушы органының өкілеттілігі Алматы қаласының атқарушы органы: ... 9-28) жоқ	Жоқ.	Мынадай мазмұндағы жаңа б) тармақшамен толықтырылсын: «б) 4-бап мынадай мазмұндағы 9-28) тармақшамен толықтырылсын: <b>«9-28) автомобиль көлік құралдарынан шығарындыларды өлшеуді жүзеге асыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;»;</b>	<b>Депутаттар А.С. Құспан Ж.Д. Сүлейменова</b> Алматы қаласының экологиялық жағдайын ескере отырып, экологияға теріс әсер ететін автокөлік құралдарын өлшеу және анықтау үшін қала аумағында экологиялық бекеттерді іске қосу туралы шешім қабылданды. Бүгінгі таңда Алматы қаласында 10-нан астам экопост жұмыс істейді, алайда өлшеулерді жүзеге асыру бойынша жұмыс процесі қарастырылмаған. Осыған байланысты, осы мәселені реттейтін құжатты әзірлеу және бекіту ұсынылады. Бүгінгі күні өлшеулерді жүзеге	<b>Қабыл-данды</b>

					асыру регламенті жоқ. Осыған байланысты осы қағидаларды бекіту өлшеулерді жүзеге асыру процесін толық регламенттеуге, сондай-ақ осы жұмыстардың құқықтық негізі мен ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.	
17.	Жобаның 1-бабының жаңа 4-тармағының жаңа 7) тармақшасы	4-бап. Алматы қаласының жергілікті атқарушы органының өкілеттілігі Алматы қаласының атқарушы органы: ... 9-29) жоқ	Жоқ.	Мынадай мазмұндағы жаңа 7) тармақшамен толықтырылсын: «7) 4-бап мынадай мазмұндағы 9-29) тармақшамен толықтырылсын: <b>«9-29) Алматы қаласының дизайын кодын әзірлейді;»;</b>	<b>Депутаттар А.С. Құспан Ж.Д. Сүлейменова</b> Бұл жайлы, қол жетімді және қауіпсіз қалалық ортаны қалыптастыруға бағытталған ережелер мен ұсыныстар жиынтығы. Алматы қаласы кодының дизайнын бекіту құрылыс салушылар үшін бірыңғай сәулет стандарттарын құруда ашық, болжамды ережелерді белгілеуге мүмкіндік береді және Алматының сәулеттік келбетіне келеңсіз	<b>Қабыл-данды</b>

					әсерді барынша азайтады.	
18.	Жобаның 1-бабының жаңа 4-тармағының жаңа 8) тармақшасы	4-бап. Алматы қаласының жергілікті атқарушы органының өкілеттілігі Алматы қаласының атқарушы органы: ... 9-30) жоқ	Жоқ.	Мынадай мазмұндағы жаңа 8) тармақшамен толықтырылсын: «8) 4-бап мынадай мазмұндағы 9-30) тармақшамен толықтырылсын: <b>«9-30) облыстардың жергілікті атқарушы органдары, мемлекеттік ұлттық табиғи парктер бастамашылық жасаған жобаларды әзірлеуге, қарауға қатысады, олар бойынша рекреациялық және туристік қызмет аймақтарында туризмді дамыту бөлігінде, сондай-ақ мемлекеттік ұлттық табиғи парктерді басқару жоспарларын әзірлеуге, нақтылауға және түзетуге тиісті шешімдерді келіседі;»;</b>	<b>Депутаттар А.С. Құспан Ж.Д. Сүлейменова</b>  МҰТП аумағында жүйелі және кешенді дамыған инфрақұрылымның болмауы жекелеген табиғи объектілерге рекреациялық жүктемені арттырады, эко-туризмді дамытуға және туристік ағынды басқаруға кедергі келтіреді. Карантин жағдайында келушілер санының артуы бұл жағдайды ушықтырды. Бұдан басқа, МҰТП аумағында тұрақ аймақтарын құру, экологиялық көлікті іске қосу сияқты объектілердің қолжетімділігін арттыруға бағытталған жобалар, сондай-ақ цифрлық шешімдерді енгізу	<b>Қабылданды</b>

					бойынша жобалар (келушілер мониторингі, сараланған төлемді қолдану мүмкіндігімен төлемдердің автоматтандырылған электрондық жүйесін енгізумен БӨП жаңғырту, онлайн брондау жүйесі, Wi-fi аймақтары, дабыл түймелері)іске асырылмайды.	
19.	Жобаның 1-бабының жаңа 4-тармағының жаңа 9) тармақшасы	4-бап. Алматы қаласының жергілікті атқарушы органының өкілеттілігі Алматы қаласының атқарушы органы: ... 9-31) жоқ	Жоқ.	Мынадай мазмұндағы жаңа 9) тармақшамен толықтырылсын: «9) 4-бап мынадай мазмұндағы 9-31) тармақшамен толықтырылсын: <b>«9-31) туристік қызмет саласындағы мемлекеттік басқару функцияларын жүзеге асыратын уәкілетті органмен келісім бойынша туристерді тасымалдау жөніндегі көлік қызметтерін көрсету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;»;</b>	<b>Депутаттар А.С. Құспан Ж.Д. Сүлейменова</b> Біздің қаламызға шетелдік туристерді тартудың басты факторларының бірі бірегей әлеуеті бар туристік орталық ретінде Алматы қаласының имиджін жасау және туристер мен туристік бизнес өкілдері үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады. Бұл ережелер туристерді тасымалдау бойынша	<b>Қабылданды</b>

					<p>көлік қызметтерін ұсыну сапасын реттейтін болады. Алматы қаласының аумағында туристік ұйымдар көршілес мемлекеттерде тіркелген көлік құралдарымен (спринтерлер, автобустар) Алматы қаласы бойынша турлар өткізеді. Сондай-ақ, кейбір туристік компаниялар туристер үшін халықаралық стандарттарға сәйкес келмейтін автобустармен, яғни панорамалық терезелері, кондиционерлері, микрофондары және т. б. жоқ турлар өткізеді. Осылайша, туристерге көлік қызметтерін көрсетуді есепке алу мен бақылаудың болмауы Алматы қаласының және тұтастай алғанда елдің туристік бағыт ретіндегі имиджін ілгерілетуге теріс әсер</p>	
--	--	--	--	--	--	--

					етеді. Туристік объектілер мен дестинациялардың көліктік қолжетімділігі Қазақстан Республикасында ішкі және келу туризмін одан әрі дамыту үшін айқындаушы факторлардың бірі болып табылады.	
20.	Жобаның 1-бабының жаңа 4-тармағының жаңа 10) тармақшасы	4-бап. Алматы қаласының жергілікті атқарушы органының өкілеттілігі Алматы қаласының атқарушы органы: ... 9-32) жоқ	Жоқ.	Мынадай мазмұндағы жаңа тармақшамен толықтырылсын: «10) 4-бап мынадай мазмұндағы 9-32) тармақшамен толықтырылсын: <b>«9-32) қала құрылысы кеңесін құрады және оның ережесін бекітеді;</b>	<b>Депутаттар А.С. Құспан Ж.Д. Сүлейменова</b> Қала құрылысы іс-шараларының кешенін өткізу жөніндегі мәселелерді алқалы түрде қарау үшін қала құрылысы саясатын іске асыру және қаланың орнықты және теңгерімді дамуын қамтамасыз ету кезінде шешімдер қабылдаудың тиімділігін арттыру мақсатында әкімдік жанынан құрылатын тұрақты жұмыс істейтін	<b>Қабыл-данды</b>

					консультативтік-кеңесші орган қажет.	
21.	Жобаның 1-бабының жаңа 4-тармағының жаңа 11) тармақшасы	4-бап. Алматы қаласының жергілікті атқарушы органының өкілеттілігі Алматы қаласының атқарушы органы: ... 9-33) жоқ	Жоқ.	3-тармақ мынадай мазмұндағы жаңа тармақшамен толықтырылсын: «11) 4-бап мынадай мазмұндағы 9-33) тармақшамен толықтырылсын: <b>«9-33) сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін Алматы қаласындағы үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, Алматы қаласы үй-жайларының шегінен тыс және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс ашық кеңістікте орнату қағидаларын әзірлейді және бекітеді;»;</b>	<b>Депутаттар А.С. Құспан Ж.Д. Сүлейменова</b>  Алматы қаласында реттелмейтін үлгідегі, көлемдегі және сапасы лайықсыз жарнама конструкцияларын ретсіз орнату байқалады. Алматы қаласының ғылыми, мәдени, тарихи, Қаржы және өндірістік орталық ретіндегі ерекше мәртебесінің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында жергілікті деңгейде оларға Алматы қаласының сыртқы (көрнекі) жарнама нарығын реттеу жөнінде шешімдер қабылдау құқығын бере отырып, жергілікті атқарушы органдардың өкілеттіктерін кеңейту қажет.	<b>Қабылданды</b>

22.	Жобаның 1-бабының жаңа 4-тармағының жаңа 12) тармақшасы	4-бап. Алматы қаласының жергілікті атқарушы органының өкілеттілігі Алматы қаласының атқарушы органы: ... 9-34) жоқ	Жоқ.	Мынадай мазмұндағы жаңа 12) тармақшамен толықтырылсын: «12) 4-бап мынадай мазмұндағы 9-34) тармақшамен толықтырылсын: <b>«9-34) сыртқы (көрнекі) жарнама бейнелерін Алматы қаласындағы үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, Алматы қаласы үй-жайларының шегінен тыс және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс ашық кеңістікте орналастыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;»;</b>	<b>Депутаттар А.С. Құспан Ж.Д. Сүлейменова</b>  Алматы қаласында реттелмейтін үлгідегі, көлемдегі және сапасы лайықсыз жарнама конструкцияларын ретсіз орнату байқалады. Алматы қаласының ғылыми, мәдени, тарихи, Қаржы және өндірістік орталық ретіндегі ерекше мәртебесінің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында жергілікті деңгейде оларға Алматы қаласының сыртқы (көрнекі) жарнама нарығын реттеу жөнінде шешімдер қабылдау құқығын бере отырып, жергілікті атқарушы органдардың өкілеттіктерін кеңейту қажет.	<b>Қабыл-данды</b>
23.	Жобаның 1-бабының	4-бап. Алматы қаласының жергілікті атқарушы органының өкілеттілігі	Жоқ.	Мынадай мазмұндағы жаңа тармақшамен толықтырылсын:	<b>Депутаттар А.С. Құспан Ж.Д. Сүлейменова</b>	<b>Қабыл-данды</b>



	жаңа 4- тармағы- ның жаңа 13) тармақ- шасы	Алматы қаласының атқарушы органы: ... 9-35) жоқ		«13) 4-бап мынадай мазмұндағы 9-35) тармақшамен толықтырылсын: «9-35) Алматы қаласындағы Сыртқы жарықтандыру жүйелерін пайдалану қағидаларын әзірлейді;»;	Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі шараларды табысты іске асыру энергетикалық және экологиялық және қауіпсіздікті қамтамасыз етеді және қала экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді. Сандық және сапалық көрсеткіштер берілген параметрлерге сәйкес келетін сыртқы жарықтандырудың техникалық жарамды күйін қолдау мәселелерін реттеу үшін жабдықтау деңгейін өлшеу үшін көрсетілген ережелерді әзірлеу қажет.	
24.	Жобаның 1- бабының жаңа 4- тармағы- ның жаңа 14) тармақ- шасы	4-бап. Алматы қаласының жергілікті атқарушы органының өкілеттілігі Алматы қаласының атқарушы органы: ... 9-36) жоқ	Жоқ.	Мынадай мазмұндағы жаңа 14) тармақшамен толықтырылсын: «14) 4-бап мынадай мазмұндағы 9-36) тармақшамен толықтырылсын: «9-36) жылжымайтын мүлікті ресімдеу мәселелерін қарау	<b>Депутаттар А.С. Құспан Ж.Д. Сүлейменова</b> 3-бапқа сәйкес келтіру мақсатында.	<b>Қабыл- данды</b>

				жөніндегі комиссия туралы ережені әзірлейді;».		
25.	Жобаның 1-бабының жаңа 4-тармағының жаңа 15) тармақшасы	4-бап. Алматы қаласының жергілікті атқарушы органының өкілеттілігі Алматы қаласының атқарушы органы: ... 9-38) жоқ	Жоқ.	Мынадай мазмұндағы жаңа 15) тармақшамен толықтырылсын: «15) 4-бап мынадай мазмұндағы 9-37) тармақшамен толықтырылсын: «9-37) Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 16-бабы 2-тармағының 4-1) тармақшасына сәйкес жер учаскелерін береді;»»	Депутаттар А.С. Құспан Ж.Д. Сүлейменова Заңнамаға сәйкес ЖТҚ үшін жер учаскелері дайындалған алаңдарда, яғни тиісті инфрақұрылыммен беріледі. 2006-2016 жылдар аралығында әкімдікке жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер телімдерін беру туралы 190 000-нан астам өтініш келіп түсті. Мұндай қажеттілікті қамтамасыз ету үшін 19 000 гектардан астам жер қажет, бұл қала аумағының 1/3 бөлігін құрайды.	Қабылданды
26.	Жобаның 1-бабы жаңа 4-тармағының жаңа 16)	4-2-бап. Жоқ.	Жоқ.	Мынадай мазмұндағы жаңа тармақшамен толықтырылсын: «16) мынадай мазмұндағы 4-1-баппен толықтырылсын:	Депутаттар А.С. Құспан Ж.Д. Сүлейменова Жеке меншік үй құрылыстарын заңдастыру	Қабылданды

	тармақ-шасы			<p><b>«4-1-бап.</b>  <b>Жылжымайтын мүлікті ресімдеу мәселелерін қарау жөніндегі комиссия</b>  <b>1. Жылжымайтын мүлікті ресімдеу мәселелерін қарау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – комиссия) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті рұқсаттар алынбай салынған жылжымайтын мүлікке құқықтарды ресімдеу туралы мәселелерді қарайтын, жергілікті атқарушы орган жанындағы алқалы орган болып табылады.</b>  <b>2. Комиссияның қарауына жататын аумақтар мен объектілерді Алматы қаласының жергілікті өкілді органы бекітеді.</b>  <b>3. Әкімнің жер мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары комиссия төрағасы болып тағайындалады.</b></p>	<p>мәселелерін қарау жөніндегі комиссия құру жөніндегі өкілді органның құзыретін толықтыру ұсынылады.  Осыған байланысты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қажетті рұқсат беру құжаттарын алмай салынған жылжымайтын мүлікті ресімдеу процесін егжей-тегжейлі сипаттау мақсатында заң жобасын жылжымайтын мүлікті ресімдеу мәселесін реттеудің ерекшеліктерін айқындайтын 7-баппен толықтыру ұсынылады.</p>	
--	-------------	--	--	--	--	--

				<p><b>4. Комиссия Алматы қаласының аумағындағы, құқықтары ресімделмеген жылжымайтын мүлікке құқықтарды ресімдеу мәселелері бойынша қорытынды шығарады.</b></p> <p><b>5. Комиссия қорытындысына комиссияның барлық мүшесі қол қояды және ол ұсынымдық сипатта болады.</b></p> <p><b>Комиссия мүшесінде ерекше пікір болған жағдайда, ол қорытындыға қол қоймайды және ерекше пікірі комиссия төрағасына жазбаша түрде ұсынылады.</b></p> <p><b>6. Алматы қаласының атқарушы органы комиссияның оң қорытындысы негізінде жылжымайтын мүлікке құқықтарды ресімдеу туралы шешім қабылдайды.».</b></p>	
--	--	--	--	---	--

**5. «Автомобиль жолдары туралы» 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы**

27.	Жобаның 1-бабының 2-тармағы	<b>Жоқ.</b>	2. «Автомобиль жолдары туралы» 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына...:	1-баптың 2-тармағы алып тасталсын.  <i>(Тармақтардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін)</i>	<b>Депутаттар А.А. Милютин Д.Н. Тұрғанов</b>  Заң жобасын реттеу нысанасына жатпайды.	<b>Қабылданды</b>
-----	-----------------------------	-------------	---	--	---	-------------------

**6. «Жарнама туралы» 2003 жылғы 19 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы**

28.	Жобаның 1-бабының жаңа тармағы	17-2-бап. Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың құзыреті ..  4. Осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, жергілікті өкілді және атқарушы органдарға сыртқы (көрнекі) жарнаманы реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер қабылдауға тыйым салынады.	<b>Жоқ.</b>	Мынадай мазмұндағы жаңа тармақпен толықтырылсын: 6. «Жарнама туралы» 2003 жылғы 19 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына: «17-2-баптың 4-тармағы <b>«Осы Заңда»</b> деген сөздерден кейін <b>«және «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Заңда»</b> деген сөздермен толықтырылсын;	<b>Депутаттар А. С.Құспан Ж. Д. Сүлейменова</b> «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» ҚР Заңына енгізілетін түзетулерге сәйкес келтіру мақсатында.	<b>Қабылданды</b>
-----	--------------------------------	---	-------------	---	--	-------------------

**7. «Электр энергетикасы туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы**

29.	Жобаның 1-бабы жаңа 3-тармағының 1) тармақшасы	5-бап. Уәкілетті органның құзыреті Уәкілетті орган: ... 70-10) нарық кеңесін айқындайды, сондай-ақ нарық кеңесінің жұмыс істеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді; ... 70-44) Жоқ.	Жоқ.	Мынадай мазмұндағы 1) тармақшамен толықтырылсын: <b>«3. Электр энергетикасы туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:</b> 1) 5-бап мынадай мазмұндағы жаңа 70-44) тармақшамен толықтырылсын: <b>«70-44) отынның баламалы түрі ретінде газ пайдаланылатын генерациялайтын қондырғыларды салу арқылы жаңғырту, реконструкциялау және (немесе) кеңейту жөніндегі инвестициялық бағдарламаларды қарау, отынның баламалы түрі ретінде газ пайдаланылатын генерациялайтын қондырғыларды салу арқылы жаңғыртуға, реконструкциялауға және (немесе) кеңейтуге</b>	<b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b>  Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық теңгерімін дамыту тұжырымдамасына сәйкес перспективада органикалық отын түрлерін пайдалану жылу және электр энергиясын өндіру үшін негізгі энергетикалық отын ретінде қалады. Осылайша, неғұрлым тиімді, экологиялық достық технологияларды пайдалануға байланысты мәселелер және отын-энергетика секторының экологияға және халық денсаулығының жай-күйіне әсерін барынша азайту қажеттілігі саланы дамытудың негізгі	<b>Қабылданды</b>
-----	--	--	------	--	---	-------------------

				<p><b>инвестициялық келісімдер жасасу, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы тиісті шарттар жасасу және осы шарттар үшін электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тарифтерді, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алудың көлемдері мен мерзімдерін белгілеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;»;</b></p> <p><i>(Тармақтардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін)</i></p>	<p>міндеттері болып табылады.</p> <p>Бұл ретте энергетикалық кәсіпорындардан қоршаған ортаның ластану деңгейін төмендетуге экологиялық таза отынның басқа түрлерін пайдалану есебінен қол жеткізуге болады.</p> <p>Қазіргі уақытта электр энергетикалық кәсіпорындардың шығарындылар көлемін азайту үшін негізгі отын түрін ауыстыру жөніндегі іс-шараларды орындауын қаржыландыру тетігі айқындалмаған.</p> <p>Осыған байланысты уәкілетті органның тиісті заңға тәуелді актілерді әзірлеу жөніндегі құзыретін айқындау ұсынылады, олардың шеңберінде нарық кеңесінің қызметі және отынның баламалы түрі ретінде газды пайдалана</p>	
--	--	--	--	--	---	--

					отырып, генерациялайтын қондырғыларды салу арқылы жаңғырту, реконструкциялау және (немесе) кеңейту жөніндегі іс-шараларды іске асыратын энергия өндіруші ұйымдардың тіркелімін қалыптастыру тәртібі регламенттелетін болады.	
30.	Жобаның 1-бабы жаңа 3-тармағының жаңа 2) тармақшасы	13-бап. Электр энергиясын өндіру мен беруге қатысушыларға қойылатын талаптар ... 3-3. Энергиямен жабдықтаушы ұйымға: 1) <b>электр энергиясын</b> энергиямен жабдықтаушы басқа ұйымға өткізуге (сатуға), сондай-ақ оны энергиямен жабдықтаушы басқа ұйымнан алуға (сатып алуға); ... Энергиямен жабдықтаушы ұйым	Жоқ	Мынадай мазмұндағы 2) тармақшамен толықтырылсын: «2) 13-баптың 3-3-тармағында: бірінші бөліктің 1) тармақшасы « <b>электр энергиясын</b> » деген сөздердің алдынан « <b>Қазақстан Республикасынан тыс жерлерден сатып алынған электр энергиясының көлемін өткізетін энергиямен жабдықтаушы ұйымдарды қоспағанда,</b> » деген сөздермен толықтырылсын;	<b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b>  Электр энергиясы тапшылығын жабу мақсатында.	<b>Қабылданды</b>



		<p>энергия өндіруші ұйым тарапынан электр энергиясын беруді тоқтатудың жүйелік оператор растаған себептері жойылғанға дейін электр энергиясын тұтынушыға өткізуге құқылы;</p> <p>тиісті тұлғалар тобының Тізіліміне енгізілген тұтынушыларға; тұтынушының оқшауланған құрылымдық бөлімшелеріне беру үшін орташа тәуліктік (базалық) қуаты 1 мегаваттан аспайтын жиынтық көлемде; тұтынушы қуат нарығын тұтынушылардың тізбесіне енгізілген кезден бастап күнтізбелік қырық бес күннен аспайтын мерзімге қолданылмайды.</p>		<p>үшінші бөлік мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:</p> <p><b>«Қазақстан Республикасынан тыс жерлерден сатып алынған электр энергиясының көлеміне қолданылмайды.».</b></p>		
31.	Жобаның 1-бабы жаңа	15-3-бап. Электр қуатының нарығы ...	Жоқ.	Жаңа 3-тармақ мынадай мазмұндағы 4)	<b>Экология мәселелері және</b>	<b>Қабылданды</b>

	<p>3-тармағының 4) тармақшасы</p>	<p>3-1. Электр қуатына болжамды сұранысты жабу үшін бірыңғай сатып алушы электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарттар жасасуды (басымдық тәртібімен): ... 2-2) Жоқ. 4. Энергия өндіруші ұйымдар электр қуатының орталықтандырылған сауда-саттығына генерациялайтын қондырғылардың электр қуатын жүйелік оператор аттестаттаудан өткізгеннен кейін жіберіледі. Энергия өндіруші ұйымдар мыналарды: ... 2-1) жоқ.</p>		<p>тармақшамен толықтырылсын: «4) 15-3-бапта: 3-1-тармақтың бірінші бөлігінде: мынадай мазмұндағы 2-2) тармақшамен толықтырылсын: <b>«2-2) отынның баламалы түрі ретінде газ пайдаланылатын генерациялайтын қондырғыларды сала отырып жаңғырту, реконструкциялау және (немесе) кеңейту жөніндегі іс-шараларды іске асыратын жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдармен;»;</b> 4) тармақша «2-1)» деген цифрлардан кейін «, 2-2)» деген цифрлармен толықтырылсын; 4-тармақтың екінші бөлігі мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын: <b>«2-1) отынның баламалы түрі ретінде газ пайдаланылатын генерациялайтын қондырғыларды жаңғырту,</b></p>	<p><b>табиғат пайдалану комитеті</b></p> <p>Электр қуаты нарығы шеңберінде енгізілетін электр қуаттарына сұранысты жабу және оларды оңтайлы пайдалану мақсатында бірінші кезекте жаңа қуаттарды жүктеуді қамтамасыз ету қажет. Бұл ретте әзірлікті ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызмет үшін қосарланған төлемді болдырмау үшін отынның баламалы түрі ретінде газды пайдалана отырып, генерациялайтын қондырғыларды салумен жаңғырту, реконструкциялау және (немесе) кеңейту жөніндегі іс-шараларды іске асыру шеңберінде енгізілген электр қуаттары орталықтандырылған сауда-саттықта сатылуға жатпауға тиіс.</p>	
--	-----------------------------------	--	--	---	--	--

				реконструкциялау және (немесе) салу арқылы кеңейту жөніндегі іс-шараларды іске асыру шеңберінде пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың электр қуатын;».		
32.	Жобаның 1-бабы жаңа 3-тармағының 4) тармақшасы	Жоқ.	Жоқ.	Мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын: «4) мынадай мазмұндағы 15-9-баппен толықтырылсын: «15-9-бап. Отынның баламалы түрі ретінде газ пайдаланылатын генерациялайтын қондырғылар салу арқылы жаңғыртуға, реконструкциялауға және (немесе) кеңейтуге арналған инвестициялық келісімдер 1. Отынның баламалы түрі ретінде газ пайдаланылатын генерациялайтын қондырғыларды салу арқылы жаңғыртуға, реконструкциялауға және (немесе) кеңейтуге	<b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b>  «Электр энергетикасы туралы» ҚР Заңы отынның баламалы түрі ретінде газды пайдалана отырып жаңғырту, реконструкциялау және (немесе) кеңейту жөніндегі іс-шараларды іске асыратын энергия өндіруші ұйымдарға қуатқа жеке тариф ұсынуды көздей отырып, электр қуаты нарығы шеңберінде отынның баламалы түріне ауыстыру жөніндегі жобаларды іске асыру тәртібі мен	<b>Қабылданды</b>

				<p>арналған инвестициялық келісімдер республикалық маңызы бар қалалардағы жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдардың жұмыс істеп тұрған (бұрыннан бар) электр станцияларымен ғана жасалады.</p> <p>2. Уәкілетті органмен отынның баламалы түрі ретінде газ пайдаланылатын генерациялайтын қондырғыларды салу арқылы жаңғыртуға, реконструкциялауға және (немесе) кеңейтуге арналған инвестициялық келісімді жасасуға ниеті бар энергия өндіруші ұйым отынның баламалы түрі ретінде газ пайдаланылатын генерациялайтын қондырғыларды салу арқылы жаңғырту, реконструкциялау және (немесе) кеңейту жөніндегі инвестициялық бағдарламаны нарық</p>	<p>рәсімдерін регламенттейтін 15-9-баппен толықтыру ұсынылады.</p> <p>Осы норманы енгізу өтінімдерді қараудың егжей-тегжейлі және ашық тәртібімен және тиісті органдардың растайтын қорытынды-ларымен экологияны жақсартуға бағытталған инвестициялық жобаларды іріктеуге мүмкіндік береді.</p>	
--	--	--	--	---	---	--

				<p>кеңесінің қарауына жібереді.</p> <p><b>3. Отынның баламалы түрі ретінде газ пайдаланылатын генерациялайтын қондырғыларды салу арқылы жаңғырту, реконструкциялау және (немесе) кеңейту жөніндегі инвестициялық бағдарламамен бірге нарық кеңесіне сондай-ақ:</b></p> <p><b>1) отынның баламалы түрі ретінде газ пайдаланылатын генерациялайтын қондырғыларды салу арқылы жаңғырту, реконструкциялау және (немесе) кеңейту жөніндегі тиісті іс-шаралар туралы ақпарат;</b></p> <p><b>2) отынның баламалы түрі ретінде газ пайдаланылатын генерациялайтын қондырғыларды салу арқылы жаңғырту, реконструкциялау және (немесе) кеңейту жөніндегі іс-шаралардың</b></p>	
--	--	--	--	--	--

				<p>техникалық-экономикалық негіздемесі;</p> <p>3) отынның баламалы түрі ретінде газ пайдаланылатын генерациялайтын қондырғыларды салу арқылы жаңғырту, реконструкциялау және (немесе) кеңейту жөніндегі іс-шаралардың техникалық-экономикалық негіздемесіне ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысы;</p> <p>4) мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы енгізіледі.</p> <p>4. Уәкілетті орган айқындаған мерзімнен кеш ұсынылған және осы баптың 3-тармағына сәйкес келмейтін, отынның баламалы түрі ретінде газ пайдаланылатын генерациялайтын қондырғыларды салу арқылы жаңғырту, реконструкциялау және (немесе) кеңейту</p>	
--	--	--	--	--	--

				<p>жөніндегі инвестициялық бағдарламалар нарық кеңесінің қарауына қабылданбайды.</p> <p>5. Отынның баламалы түрі ретінде газ пайдаланылатын генерациялайтын қондырғыларды салу арқылы жаңғырту, реконструкциялау және (немесе) кеңейту жөніндегі инвестициялық бағдарламалар нарық кеңесіне жіберілгеннен кейін өзгертілуге жатпайды.</p> <p>6. Осы баптың 2 және 3-тармақтарына сәйкес нарық кеңесіне ұсынылған, отынның баламалы түрі ретінде газ пайдаланылатын генерациялайтын қондырғыларды салу арқылы жаңғырту, реконструкциялау және (немесе) кеңейту жөніндегі инвестициялық бағдарламаларды нарық кеңесі уәкілетті орган</p>	
--	--	--	--	--	--

				<p>айқындаған тәртіппен қарайды.</p> <p>7. Нарық кеңесі отынның баламалы түрі ретінде газ пайдаланылатын генерациялайтын қондырғыларды салу арқылы жаңғырту, реконструкциялау және (немесе) кеңейту жөніндегі әрбір инвестициялық бағдарлама бойынша жеке-жеке оны іске асырудың орындылығы не орынсыздығы туралы қорытынды дайындайды.</p> <p>8. Нарық кеңесінің қорытындысы негізінде уәкілетті орган отынның баламалы түрі ретінде газ пайдаланылатын генерациялайтын қондырғыларды салу арқылы жаңғыртуға, реконструкциялауға және (немесе) кеңейтуге арналған инвестициялық келісімді жасасу туралы (жасасудан бас тарту туралы) шешім қабылдайды.</p>	
--	--	--	--	---	--



				<p>Энергия өндіруші ұйым отынның баламалы түрі ретінде газ пайдаланылатын генерациялайтын қондырғыларды салу арқылы жаңғырту, реконструкциялау және (немесе) кеңейту жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруды жоспарлайтын республикалық маңызы бар қалада газ тасымалдау инфрақұрылымының болмауы отынның баламалы түрі ретінде газ пайдаланылатын генерациялайтын қондырғыларды салу арқылы жаңғыртуға, реконструкциялауға және (немесе) кеңейтуге арналған инвестициялық келісімді жасасудан бас тартуға негіз болып табылады.</p> <p>9. Отынның баламалы түрі ретінде газ пайдаланылатын генерациялайтын қондырғыларды салу арқылы жаңғыртуға, реконструкциялауға</p>	
--	--	--	--	--	--

				<p>және (немесе) кеңейтуге арналған инвестициялық келісімде мынадай ақпарат:</p> <p>1) энергия өндіруші ұйымдардың атауы;</p> <p>2) электр қуатының әзірлігін ұстап тұру жөніндегі көрсетілетін қызметтің көлемі қамтылады. Бұл ретте энергия өндіруші ұйымға бірыңғай сатып алушымен отынның баламалы түрі ретінде газ пайдаланылатын генерациялайтын қондырғыларды салу арқылы жаңғырту, реконструкциялау және (немесе) кеңейту жөніндегі іс-шараларды іске асыру шеңберінде пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың электр қуатының көлеміне осы Заңның 15-3-бабының 3-1-тармағы бірінші бөлігінің 3) және 4) тармақшаларына сәйкес электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін</p>	
--	--	--	--	---	--

				<p>қызметті сатып алу туралы шарттар жасасуға тыйым салынады;</p> <p>3) отынның баламалы түрі ретінде газ пайдаланылатын генерациялайтын қондырғыларды салу арқылы жаңғырту, реконструкциялау және (немесе) кеңейту жөніндегі іс-шараларды іске асыру үшін тартылған негізгі борышты қайтару ескеріле отырып, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу мерзімі (айлармен) және электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтер көлемі ескеріле отырып жылдар бойынша ауыспалы шама ретіндегі электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке арналған тариф қамтылады.</p>	
--	--	--	--	---	--

				<p>Егер отынның баламалы түрі ретінде газ пайдаланылатын генерациялайтын қондырғылар кезек-кезекпен және (немесе) кезең-кезеңмен және (немесе) іске қосу кешендерімен енгізілетін болса, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке арналған тарифтер енгізілетін генерациялайтын қондырғылардың электр қуатының көлемдеріне қарай айқындалады;</p> <p>4) осы тармақтың 5) тармақшасында көрсетілген күннен бастап кемінде он жыл болатын электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу мерзімі;</p> <p>5) отынның баламалы түрі ретінде газ пайдаланылатын генерациялайтын қондырғыны пайдалануға берудің тиісті жоспарлы күніне сәйкес келетін, электр</p>	
--	--	--	--	---	--

				<p>қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алудың басталған күні;</p> <p>б) отынның баламалы түрі ретінде газ пайдаланылатын генерациялайтын қондырғыларды салу арқылы жаңғырту, реконструкциялау және (немесе) кеңейту жөніндегі тиісті іс-шара туралы мәлімет қамтылады.</p> <p>10. Уәкілетті орган отынның баламалы түрі ретінде газ пайдаланылатын генерациялайтын қондырғыларды салу арқылы жаңғыртуға, реконструкциялауға және (немесе) кеңейтуге арналған инвестициялық келісім жасасқаннан кейін бірыңғай сатып алушы осы ұйымдармен инвестициялық келісімде көрсетілген тарифтер бойынша, көлемде және мерзімдерге электр</p>	
--	--	--	--	--	--

				<p>қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарттар жасасады.</p> <p><b>11. Осы баптың 10-тармағында көрсетілген шарттар бойынша электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу тиісті энергия өндіруші ұйымдар бірыңғай сатып алушыға жүйелік оператордың генерациялайтын қондырғылардың электр қуатын аттестаттауды жүргізу актілерін енгізген айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап, бірақ осы баптың 9-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген күннен кейін жүзеге асырылады.</b></p> <p><b>Егер отынның баламалы түрі ретінде газ пайдаланылатын генерациялайтын қондырғылар кезек-кезекпен және (немесе) кезең-кезеңмен және</b></p>	
--	--	--	--	---	--

				<p>(немесе) іске қосу кешендерімен енгізілетін болса, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке ақы төлеу енгізілетін генерациялайтын қондырғылардың электр қуатының көлемдеріне қарай электр қуатының әзірлігін ұстап тұру жөніндегі қызметке арналған тарифтер бойынша жүзеге асырылады.</p> <p>12. Өзімен отынның баламалы түрі ретінде газ пайдаланылатын генерациялайтын қондырғыларды салу арқылы жаңғыртуға, реконструкциялауға және (немесе) кеңейтуге арналған инвестициялық келісім жасалған энергия өндіруші ұйымның электр қуаты оның осы баптың 11-тармағында көрсетілген, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметін іс</p>	
--	--	--	--	--	--

				<p>жүзінде сатып алынған күннен бастап генерациялайтын қондырғылардың электр қуатын жүйелік оператордың жыл сайынғы міндетті аттестаттауына жатады.</p> <p>Егер генерациялайтын қондырғылардың электр қуатына кезекті аттестаттау жүргізу нәтижесінде отынның баламалы түрі ретінде газ пайдаланылатын генерациялайтын қондырғыларды салу арқылы жаңғырту, реконструкциялау және (немесе) кеңейту жөніндегі іс-шаралар шеңберінде пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың аттестатталған электр қуатының мәні электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шартта белгіленген, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін</p>	
--	--	--	--	--	--



				<p>қызметтің көлемінен аз болса, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шартта белгіленген, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтер көлемі генерациялайтын қондырғылардың электр қуатына кезекті аттестаттау жүргізілгенге дейін аттестатталған мәнге дейін төмендетіледі.</p> <p>13. Осы баптың шеңберінде отынның баламалы түрі ретінде газ пайдаланылатын генерациялайтын қондырғыларды салу арқылы жаңғырту, реконструкциялау және (немесе) кеңейту жөніндегі іс-шаралардың жыл сайынғы амортизациясының шамасы электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке арналған тарифке енгізілуге жатпайды.</p>	
--	--	--	--	---	--

				14. Осы баптың күші уәкілетті орган Тізілімге енгізген энергия өндіруші ұйымдарға қолданылмайды.».		
<b>8. «Химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы</b>						
33.	Жобаның 1-бабының 3-тармағы	6-бап. Уәкілетті органдар 1. Мыналар уәкілетті органдар болып табылады: 1) <b>индустрия және сауда саласындағы</b> саласындағы уәкілетті орган; .... 8-1-бап. Инвестициялар және даму жөніндегі уәкілетті органның құзыреті <b>Инвестициялар және даму</b> жөніндегі уәкілетті органның құзыретіне химиялық өнімді тіркеу және есепке алу тәртібін бекіту жатады.	3. «Химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 17, 134-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат): 6-баптың 1-тармағының 1) тармақшасындағы «индустрия және сауда	1-баптың 3-тармағы алып тасталсын.  <i>(Кейінгі тармақтардың нөмірленуі тиісінше өзгертілсін)</i>	Депутат <b>Д.Н. Тұрғанов</b>  Заң жобасын реттеу нысанасына жатпайды.	Қабылданды

			саласындағы» деген сөздер « <b>индустриялық қызмет саласындағы</b> » деген сөздермен ауыстырылсын; 8-1-баптың тақырыбындағы және бірінші абзацындағы «инвестициялар және даму жөніндегі» деген сөздер « <b>индустриялық қызмет саласындағы</b> » деген сөздермен ауыстырылсын.			
<b>9. «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 13 қаңтардағы Заңы</b>						
34.	Жобаның 1-бабы 2-тармағының 1) тармақшасы	Жоқ	Жоқ.	Орыс тіліндегі жобаның 1-бабы 4-тармағының 1) тармақшасының ұғымдары қазақ тіліндегі ұқсас ұғымдардың орналасуына сәйкес әліпбилік тәртіппен орналастырылсын.	<b>Депутат Д.Н. Тұрғанов</b>  «Құқықтық актілер туралы» Заңның 23-бабының 7-тармағын талапқа сәйкес келтіру.	<b>Қабылданды</b>
35.	Жобаның 1-бабы 4-тармағы 1) тармақшасының	1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар	«1-2) жедел-энергия аудиті – қысқартылған бағдарлама бойынша және жабдықты ең төменгі пайдалану	Мынадай редакцияда жазылсын: «8-1) экспресс-энергоаудит - қысқартылған бағдарлама	<b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b>	<b>Қабылданды</b>

	үшінші абзацы	Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: ... 1-2) жоқ	арқылы жүргізілетін энергия аудиті;»;	бойынша және энергомәнажмент жүйесі шеңберінде жүзеге асырылатын энергетикалық талдау нәтижелерін және энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша алдыңғы қорытындыны растау мақсатында жүргізілетін энергоаудит;».	Экспресс-аудиттің қандай негізде жүргізілетінін көрсету орынды деп санаймыз.	
36.	Жобаның 1-бабы 4-тармағы 1) тармақшасының төртінші және бесінші абзацтары	1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: ... ... 2) квазимемлекеттік сектор субъектілері – мемлекеттік кәсіпорындар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, оның ішінде қатысушысы немесе акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқару	2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын: «2) квазимемлекеттік сектор субъектілері – мемлекеттік кәсіпорындар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, оның ішінде құрылтайшысы, қатысушысы немесе акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олармен үлестес	Мынадай редакцияда жазылсын: «2) тармақша « <b>ұлттық холдингтер</b> » деген сөздерден кейін « <b>құрылтайшы,</b> » деген сөзбен толықтырылсын.	<b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b>  Заң техникасы.	<b>Қабылданды</b>

		холдингтері, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олармен үлестес болып табылатын еншілес, тәуелді және өзге де заңды тұлғалар;	болып табылатын еншілес, тәуелді және өзге де заңды тұлғалар;»;			
37.	Жобаның 1-бабы 4-тармағы 1) тармақшасының жетінші абзацы	1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: ... <b>2-1) тармақша жоқ</b>	«2-1) нысаналы энергия аудиті – нысаналы сипаты бар немесе көлемі бойынша да, өткізу уақыты бойынша да шектеуі бар, ерікті негізде жүргізілетін энергия аудиті;»;	Мынадай редакцияда жазылсын: «5-1) нысаналы энергия аудиті - ерікті негізде жүргізілетін, нысаналы сипаты және өткізу көлемі бойынша шектеуі бар энергия аудиті;»;	<b>Депутат Д.Н. Тұрғанов</b>  «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабының 3-тармағына сәйкес нормативтік құқықтық актінің мәтіні әдеби тіл нормалары, заң терминологиясы және заң техникасы сақтала отырып жазылады, оның ережелері барынша қысқа болуға, нақты және әртүрлі түсіндіруге жатпайтын мағынаны қамтуға тиіс.	<b>Қабыл- данды</b>

38.	<p>Жобаның 1-бабы 4-тармағы 1) тармақшасының жаңа сегізінші абзацы</p>	<p>1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар</p> <p>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:</p> <p>...</p> <p>5) Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілері – энергетикалық ресурстарды жылына шартты отынның бір мың бес жүз және одан да көп тоннаға барабар көлемінде тұтынатын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар, сондай-ақ энергетикалық ресурстарды жылына шартты отынның бір жүз және одан да көп тоннаға барабар көлемінде тұтынатын мемлекеттік мекемелер, квазимемлекеттік сектор мен табиғи монополиялар субъектілері;</p> <p>...</p>	<p>...</p> <p><b>5) жоқ</b></p>	<p>Мынадай мазмұндағы жаңа абзацпен толықтырылсын:</p> <p>«5) тармақшадағы <b>«жылына шартты отынның бір жүз және одан да көп тоннаға барабар көлемінде тұтынатын»</b> деген сөздер алып тасталсын.».</p>	<p><b>Депутат Қ.І. Нұр</b></p> <p>Бұл норма ұсынылады, өйткені мемлекеттік және квазимемлекеттік мекемелер жергілікті немесе республикалық бюджеттен толық немесе ішінара қаржыландырылады.</p> <p>Осыған байланысты олардың энергетикалық ресурстарды тұтынуы 100 тоннадан астам шартты отынға қарамастан немесе одан аз болса да мемлекеттің тұрақты бақылауында болуы тиіс.</p> <p>Сонымен қатар, заң жобасының тұжырымдамасында бюджет секторының энергия тиімділігін арттыру заң жобасының негізгі міндеттерінің бірі болып табылады деп көрсетілген.</p> <p>Бұл бюджет секторындағы нормативтен тыс</p>	<p><b>Қабылданды</b></p>
-----	--	---	---------------------------------	---	---	--------------------------

					<p>тұтынулары бар субъектілерді оларды басқа ұқсас мекемелермен салыстыру арқылы анықтауға мүмкіндік береді және энергетикалық ресурстарды тұтынуды азайтуды және бюджет қаражатын үнемдеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.</p> <p>Шекті алып тастау кезінде шығындары шамамен 29 млрд.теңгені құрайтын қосымша шамамен 10 000 мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектор субъектілері қамтылатын болады. Олар үлгілік энергия үнемдеу іс-шараларын енгізген кезде жыл сайын шамамен 11,5 млрд.теңге үнемдеуге болады.</p> <p>Сонымен қатар, МЭТ субъектілерінің тізбесін кеңейту туралы Президент</p>	
--	--	--	--	--	---	--

					2021 жылғы 26 мамырда өткен Электр энергетикасы және энергия үнемдеу мәселелері жөніндегі кеңесте айтылды. Ұсынылып отырған норма бюджет қаражатының шығындарын талап етпейді, бұдан басқа, ақпаратты ұсыну процесі автоматтандырылған.	
39.	Жобаның 1-бабы 4-тармағы 1) тармақшасының тоғызыншы абзацы	1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: ... 5-2) жоқ	«5-2) тапсырыс берушілер – ұлттық басқарушы холдингтерді, ұлттық холдингтерді, ұлттық басқарушы компанияларды қоспағанда, мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен	<b>мынадай мазмұндағы 5-2), 5-3), 8-1) және 8-2) тармақшалармен толықтырылсын:</b> «5-2) оқу орталығы – энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы кадрларды қайта даярлау және (немесе) олардың біліктігін арттыру саласындағы қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектісі; 5-3) тапсырыс берушілер – ұлттық басқарушы холдингтерді, ұлттық холдингтерді, ұлттық басқарушы	<b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b>  «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес келтіру.	<b>Қабылданды</b>



			үлестес заңды тұлғалар;»;	компанияларды және олармен үлестес заңды тұлғаларды қоспағанда, мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар;»;		
40.	Жобаның 1-бабы 4-тармағы 1) тармақшасының жаңа оныншы абзацы	1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: ... 9) энергетикалық аудит (энергия аудиті) – энергия үнемдеудің мүмкіндігі мен әлеуетін бағалау және қорытынды дайындау мақсатында энергетикалық ресурстардың пайдаланылуы туралы деректерді жинау, өңдеу және талдау;	Жоқ	Мынадай мазмұндағы жаңа абзацпен толықтырылсын: «9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын: 9) энергетикалық аудит (энергия аудиті) – энергия үнемдеудің мүмкіндігі мен әлеуетін бағалау және «энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі қорытынды дайындау мақсатында энергетикалық ресурстардың пайдаланылуы туралы деректерді жинау, өңдеу және талдау;	Депутат Д.Н. Тұрғанов  Заң жобасын нормаларға сәйкес келтіру үшін редакцияны нақтылау.	Қабылданды

41.	Жобалау 1-бабы 4-тармағы 1) тармақшасының оныншы абзацы	Жоқ	12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:	Мынадай редакцияда жазылсын: «12) және 12-2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:»;	<b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b>  Заң техникасы.	<b>Қабылданды</b>
42.	Жобаның 1-бабы 4-тармағы 1) тармақшасының он бірінші абзацы	1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: ... 12) энергетикалық тиімділік – өнім бірлігіне шаққанда энергетикалық ресурстарды тұтыну;	«12) энергетикалық тиімділік (энергия тиімділігі) – энергетикалық ресурстарды пайдаланудан алынған әсердің осындай әсер алу мақсатында жүргізілген олардың шығындарына қатынасын көрсететін сипаттамасы;»;	Мынадай редакцияда жазылсын: «12) энергетикалық тиімділік – бұдан әрі-энергия тиімділігі) - көрсетілген қызметтер, жұмыстар, шығарылған өнімдер (тауарлар) немесе өндірілген энергетикалық ресурстар көлемінің осыған жұмсалған бастапқы энергетикалық ресурстарға сандық қатынасы;»;	<b>Депутат Қ.І. Нұр</b>  Кез келген тиімділік үш іргелі құрамдасқа негізделеді: мақсатқа қол жеткізу әсері (тиімділік немесе нәтижелілік), өнімнің шығу көлемі (өнімділік немесе өнімділік), сондай-ақ ресурстардың кіру көлемі (үнемділік немесе үнемділік). Бұл жағдайда, ең алдымен, энергия үнемдеу өнімділіктің (өндіріс өнімділігінің) энергия сыйымдылығы ретінде өлшенеді. Сондықтан энергия тиімділігін анықтаудан «өнім бірліктерін» алып тастау мақсат ретінде энергия үнемдеудің	<b>Қабылданды</b>

					негізгі мағынасын бұзады. Сонымен қатар, «алынған әсер» сөздерін «өнім мөлшері» деген сөздермен толықтыру осы ұғымды айқындаудың мағынасын энергия үнемдеуден, атап айтқанда, өндірістің қоршаған ортаға әсері бөлігінде энергия тиімділігіне дейін кеңейтеді. Таза редакторлық түзетулерге келетін болсақ, олар норманың нақтылығы мен анықтығына, сондай-ақ оның екі жақты түсіндірілуін болдырмауға бағытталған. Мысалы, «пайдаланудан» болатын әсердің қатынасы тұтынудың «пайдалануға» қарағанда кеңірек түсіндіріледі.	
43.	Жобаның 1-бабы 4-тармағы 1) тармақ-	Жоқ	12-2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:	Алып тасталсын.	<b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b>	<b>Қабылданды</b>

	шасының он екінші абзацы				Заң техникасы.	
44.	Жобаның 1-бабы 4-тармағы 1) тармақшасының он үшінші абзацы	1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: ... 12-2) жоқ.	«12-2) <b>энергия аудитору</b> – « <b>Энергия аудиті</b> » <b>бағыты бойынша</b> энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында сәйкестік сертификаты бар жеке тұлға;»;	Мынадай редакцияда жазылсын: «8-2) <b>энергетика аудитору (бұдан әрі - энергия аудитору)</b> - энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында сәйкестік сертификаты бар жеке тұлға;».	<b>Депутат Е.Н.Абақанов</b> Редакциясын нақтылау.	<b>Қабылданды</b>
45.	Жобаның 1-бабы 4-тармағы 1) тармақшасының он төртінші абзацы	1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: ... Жоқ.	мынадай мазмұндағы 17-2), 17-3) және 17-4) тармақшалармен толықтырылсын:	Мынадай редакцияда жазылсын: «мынадай мазмұндағы 14-1), 14-2) және 17-1) тармақшалармен толықтырылсын:»;	<b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b>  Заң техникасы.	<b>Қабылданды</b>
46.	Жобаның 1-бабы 4-тармағы 1) тармақшасының он бесінші абзацы	1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: ... 17-1) жоқ.	«17-1) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы менеджмент (энергия менеджменті) – энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саясатын, энергия тұтынуды мониторингтеу, бағалау рәсімдері мен	Мынадай редакцияда жазылсын: «14-1) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы менеджмент ( <b>бұдан әрі - энергия менеджменті</b> ) – энергетикалық ресурстарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз етуге және объектінің	<b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b>  Редакциясын нақтылау. «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабының 3-тармағына сәйкес	<b>Қабылданды</b>

			әдістемелерінің іс-шаралар жоспарларын және энергия тиімділігін арттыруға бағытталған басқа да іс-қимылдарды әзірлеуді және іске асыруды қамтитын, энергетикалық ресурстарды ұтымды тұтынуды қамтамасыз етуге және басқару объектісінің энергия тиімділігін арттыруға бағытталған әкімшілік іс-қимылдар кешені;	энергия тиімділігін арттыруға бағытталған әкімшілік іс-қимылдар кешені;».	нормативтік құқықтық актінің мәтіні әдеби тіл нормалары, заң терминологиясы және заң техникасы сақтала отырып жазылады, оның ережелері барынша қысқа болуға, нақты мағынаны және әртүрлі түсіндіруге жатпайтын мағынаны қамтуға тиіс.	
47.	Жобаның 1-бабы 4-тармағы 1) тармақшасының он алтыншы абзацы	1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: ... 17-3) жоқ	17-2) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы сәйкестік сертификаты – энергия аудиторының немесе сарапшының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы жұмыстарды орындау құзыреттілігін куәландыратын, персоналдың сәйкестігін растау жөніндегі орган беретін құжат;	Мынадай редакцияда жазылсын: <b>«14-2) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы сәйкестік сертификаты – сәйкестікті растау жөніндегі орган, энергия аудиторының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы жұмыстарды орындау құзыреттілігін</b>	<b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті Депутат С.Ж. Нақпаев</b>  Редакциялық түзету. «Сарапшы» деген ұғымды алып тастауға байланысты.	<b>Қабылданды</b>

				куәландыратын, беретін құжат;»;		
48.	Жобаның 1-бабы 4-тармағы 1) тармақшасының он жетінші абзацы	1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: ... 17-3) жоқ	17-3) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы ұлттық даму институты – дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлесінің) елу және одан да көп пайызы <b>тікелей не жанама түрде</b> мемлекетке тиесілі заңды тұлға;»;	Мынадай редакцияда жазылсын:  «17-1) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы ұлттық даму институты – дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлға;»;	<b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b>  Редакциясын түзету.	<b>Қабылданды</b>
49.	Жобаның 1-бабы 4-тармағы 1) тармақшасының жаңа он сегізінші абзацы	1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: ... «17-1) энергия тиімділігі картасы – қаржыландыру көздері, жобаларды іске асыру бойынша іс-шаралар кестелері мен жоспарлары көрсетілген энергия	Жоқ	Мынадай мазмұндағы жаңа абзацпен толықтырылсын: «мынадай мазмұндағы 17-2) тармақшамен толықтырылсын: «17-2) энергия тиімділігі картасы – қаржыландыру көздері, жобаларды іске асыру бойынша іс-шаралар кестелері мен жоспарлары көрсетілген энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы	<b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b>  Қазақ тіліндегі әліпби тәртібіне сәйкес келтіру.	<b>Қабылданды</b>

		үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы жобалардың бірыңғай республикалық тізбесі;»;		жобалардың бірыңғай республикалық тізбесі;»;		
50.	Жобаның 1-бабы 4-тармағы 2) тармақшасының жаңа үшінші абзацы	5-бап. Уәкілетті органның құзыреті Уәкілетті орган: ... 6-10) энергия аудитін жүргізу тәртібін бекітеді;	Жоқ.	Мынадай мазмұндағы жаңа үшінші абзацпен толықтырылсын: <b>«6-10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын: «6-10) энергия аудитін жүргізу тәртібін әзірлейді және бекітеді;»».</b>	<b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b>  Құқықтық олқылықты жою. Уәкілетті органның энергия аудитін жүргізу тәртібін әзірлеу жөніндегі құзыретін көздеу қажет.	<b>Қабылданды</b>
51.	Жобаның 1-бабы 4-тармағы 2) тармақшасының жаңа төртінші абзацы	5-бап. Уәкілетті органның құзыреті Уәкілетті орган: ... 6-12) <b>энергия аудитінің қорытындысы бойынша Мемлекеттік энергетикалық тізім субъектісі әзірлейтін,</b> энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-	Жоқ.	Мынадай мазмұндағы жаңа төртінші абзацпен толықтырылсын: <b>«6-12) тармақшадағы «энергия аудитінің қорытындысы бойынша Мемлекеттік энергетикалық тізім субъектісі әзірлейтін,»</b> деген сөздер алып тасталсын;»».	<b>Депутат Д.Н.Тұрғанов</b> Норманың қайталануын болғызбау мақсатында.	<b>Қабылданды</b>

		шаралар жоспарының нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптарды бекітеді;				
52.	Жобаның 1-бабы 4-тармағы 2) тармақшасының төртінші абзацы	5-бап. Уәкілетті органның құзыреті Уәкілетті орган: ... 6-15) жоқ.	«6-15) бәнергия тұтыну нормативтерін есептеу жөніндегі әдістемені бекітеді;	Мынадай редакцияда жазылсын: «6-15) энергия тұтыну нормативтерін есептеу әдістемесін <b>әзірлейді және</b> бекітеді;».	<b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b> Құқықтық олқылықты жою. ұсынылған әдістемені әзірлеу бойынша құзыретті қарастыру қажет.	<b>Қабылданды</b>
53.	Жобаның 1-бабы 4-тармағы 2) тармақшасының жаңа абзацы	5-бап. Уәкілетті органның құзыреті Уәкілетті орган: ... 6-17) жоқ.	Жоқ.	Мынадай мазмұндағы жаңа абзацпен толықтырылсын: <b>«6-17) энергетикалық ресурстарды жылына шартты отынның 50 000 және одан да көп тоннасына барабар көлемде тұтынатын Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілері үшін энергия тиімділігі жөніндегі нысаналы индикаторларды белгілейді;»;</b>	<b>Депутат Д.Н. Тұрғанов</b> Мемлекет басшысының 2022 жылғы 2 наурыздағы энергетика және инженерлік инфрақұрылымды дамыту мәселелері жөніндегі кеңестің қорытындысы бойынша берген тапсырмасына сәйкес, <b>энергия сыйымдылығын төмендету жөніндегі нақты көрсеткіштерді бекіте отырып, неғұрлым энергия сыйымды</b>	<b>Қабылданды</b>



					<p><b>кәсіпорындарға (ТОП-100) энергия тиімділігі жөніндегі талаптарды</b> әзірлеу қажет.</p> <p>Заңның ережелеріне сәйкес</p> <p>Уәкілетті органның осы актіні қабылдау жөніндегі құзыреті Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген жағдайларда ғана уәкілетті органның нормативтік құқықтық актіні қабылдауына жол беріледі.</p> <p>Осыған байланысты неғұрлым энергия сыйымды кәсіпорындар үшін нақты нысаналы индикаторларды белгілеу жөніндегі уәкілетті органның тиісті құзыретін көздеу қажет.</p> <p>Энергияны көп қажет ететін 109 кәсіпорын жылына елу мың тонна шартты отынды тұтынады.</p>	
--	--	--	--	--	--	--

54.	<p>Жобаның 1-бабы 4-тармағы 2) тармақшасының алтыншы абзацы</p>	<p>5-бап. Уәкілетті органның құзыреті Уәкілетті орган: ... 9) Мемлекеттік энергетикалық тізілімнің энергетикалық ресурстарды, суды тұтынудың көлемін өнімнің, үйлердің, құрылыстар мен ғимараттардың алаңы бірлігіне, энергия аудиті қорытындылары бойынша айқындалған шамаға дейін жыл сайын азайтуды қамтамасыз етпеген субъектілерінің, оның ішінде энергия тұтынудың нормативтерін сақтамайтын мемлекеттік мекемелерді қамтитын тізбесін қалыптастырады және өзінің интернет ресурсында орналастырады;</p>	<p>9) тармақшадағы «, суды» деген сөз алып тасталсын;</p>	<p>Алып тасталсын.</p>	<p><b>Депутаттар Е.Т.Жаңбыршин Д.Н. Тұрғанов</b></p> <p>Заңның 1-бабының 10) тармақшасына сәйкес 10) 10) энергетикалық ресурстар – запастағы энергиясы қазіргі уақытта шаруашылық және өзге де қызмет түрлеріне пайдаланылатын немесе перспективада пайдаланылуы мүмкін табиғи және өндірілген энергия көздерінің жиынтығы, сондай-ақ энергия түрлері (атом, электр, химия, электрлі-магнитті, жылу және энергияның басқа түрлері); «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» ҚР Заңының 1 - бабының 1-4) тармақшасына сәйкес жаңартылатын энергия көздері – табиғи жаратылыс процестері есебінен үздіксіз</p>	<p><b>Қабыл- данды</b></p>
-----	---	--	---	------------------------	--	--------------------------------

					<p>жаңартылатын энергия көздері, олар мынадай түрлерді қамтиды: күн сәулесінің энергиясы, жел энергиясы, гидродинамикалық су энергиясы; геотермальдық энергия.</p> <p>Осылайша, су табиғи энергетикалық ресурс болып табылады.</p> <p>Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін судың мәнінен басқа, нақты энергетика саласындағы су ресурстарының маңыздылығын атап өтпеуге болмайды. Мәселен, жылу электр станцияларының жұмыс істеуі үшін айтарлықтай су қажет.</p>	
55.	1-баптың 4-тармағы 2) тармақшасының оныншы және он үшінші абзацтары	5-бап. Уәкілетті органның құзыреті Уәкілетті орган: 16-2) жоқ; 16-5) жоқ;	5-бап. Уәкілетті органның құзыреті  16-2) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы <b>тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін</b>	Мынадай редакцияда жазылсын:: «16-2) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік сатып алу және тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін	<b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b>  Редакциясын нақтылау.	<b>Қабылданды</b>

			<p><b>қызметтерді</b> мемлекеттік сатып алу мониторингінің қағидаларын әзірлейді және бекітеді;</p> <p>...</p> <p>16-5) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы <b>тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді</b> мемлекеттік сатып алудың мониторингін жүргізеді;»;</p>	<p>қызметтерді сатып алу мониторингі қағидаларын әзірлейді және бекітеді;</p> <p>16-5) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында мемлекеттік сатып алу және тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу мониторингін жүргізеді;»;</p>		
56.	<p>Жобаның 4-тармағы 2) тармақшасының жаңа он бірінші және он екінші абзацтары</p>	<p>5-бап. Уәкілетті органның құзыреті Уәкілетті орган: ...</p> <p>16-3) жоқ.</p> <p>16-4) жоқ.</p>	<p>16-3) Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде энергия тиімділігі жөніндегі талаптар қолданылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін әзірлейді және бекітеді;</p> <p>16-4) Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің энергия</p>	<p>«және тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу» деген сөздермен толықтырылсын;</p>	<p>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</p> <p>Редакциясын нақтылау.</p>	Қабылданды

			тиімділігі жөніндегі талаптарды белгілейді;			
57.	Жобаның 4-тармағы 2) тармақшасының жаңа он төртінші абзацы	5-бап. Уәкілетті органның құзыреті Уәкілетті орган: ... 17-3) <b>энергия аудиті қорытындыларына</b> талдау жүргізу тәртібін айқындайды;	Жоқ.	Мынадай мазмұндағы жаңа он төртінші абзацпен толықтырылсын:: «17-3) тармақшадағы <b>«энергия аудиті қорытындыларына»</b> деген сөздер <b>«энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі қорытындыларға»</b> деген сөздермен ауыстырылсын;	<b>Депутат Д.Н.Тұрғанов</b>  Заң жобасын нормаларға сәйкес келтіру үшін. Заң жобасына сәйкес өткізілген энергия аудиті бойынша энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша қорытынды берілетін болады.	<b>Қабылданды</b>
58.	Жобаның 1-бабы 4-тармағы 3) тармақшасының үшінші абзацы	6-бап. Өзге де мемлекеттік органдардың энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы құзыреті ... 4. Облыстардың жергілікті атқарушы органдары: 1-1) жоқ.	«1-1) уәкілетті органмен келісім бойынша үш жылға арналған энергия үнемдеу жөніндегі жол карталарын әзірлеуді және бекітуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ оларды іске асыруды жүзеге асырады;»;	мынадай редакцияда жазылсын: «1-1) уәкілетті органмен келісу бойынша энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі үш жылға арналған жол карталарын әзірлейді және бекітеді, сондай-ақ оларды іске асыруды жүзеге асырады;»;	<b>Депутат Ғ.Ә.Ташқараев</b> Заң жобасының тұжырымдамасына және "Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы" ҚР Заңының 1-бабы 16-1) тармақшасының ұсынылып отырған редакциясына сәйкес келтіру, оларда уәкілетті орган энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелері	<b>Қабылданды</b>

					бойынша ЖАО қызметіне бағалау жүргізетіні ұсынылады, ендеше, ЖАО да осы бағыт бойынша жол картасын әзірлеуі тиіс.	
59.	1-баптың 4-тармағы 3) тармақшасының бесінші абзацы	6-бап. Өзге де мемлекеттік органдардың энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы құзыреті ... 5. Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары:: 1-1) жоқ.	«1-1) уәкілетті органмен келісім бойынша үш жылға арналған энергия үнемдеу жөніндегі жол карталарын әзірлеуді және бекітуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ оларды іске асыруды жүзеге асырады;»;	Мынадай редакцияда жазылсын: «1-1) уәкілетті органмен келісу бойынша энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі үш жылға арналған жол карталарын әзірлейді және бекітеді, сондай-ақ оларды іске асыруды жүзеге асырады;»;	<b>Депутат Ғ.Ә.Ташқараев</b> Заң жобасының тұжырымдамасына және «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» ҚР Заңының 1-бабы 16-1) тармақшасының ұсынылып отырған редакциясына сәйкес келтіру, онда уәкілетті органның энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша ЖАО қызметіне бағалау жүргізетіні ұсынылады, ендеше, ЖАО да осы бағыт бойынша жол картасын әзірлеуі тиіс.	<b>Қабыл- данды</b>
60.	1-баптың 4-тармағы 4) тармақ-	7-бап. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру	«2. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру	Мынадай редакцияда жазылсын:	<b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b>	<b>Қабыл- данды</b>

	шасының екінші және үшінші абзацтары	саласындағы мемлекеттік бақылау ... 2. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.	саласындағы мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау осы Заңға және Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.»;	«2. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады. Тексеру және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау осы Заңға және Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.»;	«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабының 3-тармағына сәйкес нормативтік құқықтық актінің мәтіні әдеби тіл нормалары, заң терминологиясы және заң техникасы сақтала отырып жазылады, оның ережелері барынша қысқа болуға, нақты мағынаны және әртүрлі түсіндіруге жатпайтын мағынаны қамтуға тиіс.	
61.	Жобаның 1-бабы 4-тармағы 5) тармақшасының бірінші абзацы	Жоқ	5) мынадай мазмұндағы 7-1-баппен толықтырылсын:	«мынадай» деген сөз «2-тарау мынадай» деген сөздермен ауыстырылсын.	Депутат С.Ж. Нақпаев «Құқықтық актілер туралы» ҚР Заңының 23-бабы 2-тармағының бірінші бөлігіне сәйкес мазмұны жағынан жақын баптар тарауларға біріктірілуі	Қабылданды

					<p>мүмкін. Мазмұны бойынша жаңа 7-1-бап «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» ҚР Заңының 2-тарауына (2-тарау. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік реттеу) сай келеді.</p>	
62.	<p>Жобаның 1-бабы 4-тармағының 5) тармақшасы</p>	<p>Жок.</p>	<p>5) мынадай мазмұндағы 7-1-баппен толықтырылсын: «7-1-бап. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы субъектіге (объектіге) бармай профилактикалық бақылау 1. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы субъектіге (объектіге) бармай профилактикалық бақылауды уәкілетті органның ведомствосы жүзеге асырады. 2. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы</p>	<p>Мынадай редакцияда жазылсын: «5) 2-тарау мынадай мазмұндағы 7-1-баппен толықтырылсын: «7-1-бап. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау 1. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың мақсаттары Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу және энергия</p>	<p><b>Депутаттар Қ.І Нұр Д.Н. Тұрғанов</b></p> <p>Жобада субъектіге (объектіге) бармай профилактикалық бақылауды құқықтық реттеуді көздейтін 7-1-бап енгізіледі. Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 137-бабы 5-тармағы 3) тармақшасының екінші бөлігіне сәйкес бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және</p>	<p><b>Қабыл- данды</b></p>



96.	Жобаның 1-бабы 4-тармағы 10) тармақшасының жиырма алтыншы, жиырма жетінші абзацтары	16-бап. Энергия аудиті ... б. Энергия-аудиторлық ұйымдарға: ... энергия аудитін жүзеге асыратын, <b>аудиттелетін</b>	энергия аудитін жүзеге асыратын, <b>аудиттелетін субъектіде</b> жеке мүліктік мүдделері бар жұмыскерлерге (энергия аудиторларына); энергия аудитін жүргізу жөніндегі міндеттемелерін	Мынадай редакцияда жазылсын: «энергия аудитін жүзеге асыратын, <b>өтініш жасаған тұлғада</b> жеке мүліктік мүдделері бар жұмыскерлерге (энергия аудиторларына); энергия аудитін жүргізу жөніндегі міндеттемелерді	<b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b>  Редакциясын нақтылау.	Қабылданды

		<p><b>субъектіде</b> жеке мүліктік мүдделері бар жұмыскерлерге (энергия аудиторларына); энергия аудитін жүргізу жөніндегі міндеттемелерін қоспағанда, егер ұйымдардың аудиттелетін субъект алдында немесе аудиттелетін субъектінің ұйымдар алдында ақшалай міндеттемелері бар болса, энергия аудитін жүргізуге тыйым салынады.</p>	<p>қоспағанда, егер ұйымдардың <b>аудиттелетін субъект</b> алдында немесе аудиттелетін субъектінің ұйымдар алдында ақшалай міндеттемелері бар болса, энергия аудитін жүргізуге тыйым салынады.»;</p>	<p>қоспағанда, егер <b>энергия аудиторлық ұйымда және олардың дара кәсіпкерлер болып табылатын жұмыскерлерінде, энергия аудиторларында өтініш жасаған тұлғаның алдында немесе өтініш білдірген тұлғаның алдында ақшалай міндеттемелер болса, энергия аудитін жүргізуге тыйым салынады.»;</b></p>		
97.	<p>Жобаның 1-бабы 4-тармағы 10) тармақшасының отыз бірінші абзацы</p>	Жоқ.	<p>2) балансында энергетикалық ресурстарды тұтыну <b>объектілері</b> болмаса;</p>	<p>Мынадай редакцияда жазылсын: «2) балансында энергетикалық ресурстарды тұтыну объектісі <b>(объектілері)</b> болмаса;».</p>	<p><b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b></p> <p>«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабының 3-тармағына сәйкес нормативтік құқықтық актінің мәтіні әдеби тіл нормалары, заң терминологиясы және заң техникасы сақтала отырып жазылады,</p>	<b>Қабылданды</b>



					оның ережелері барынша қысқа болуға, нақты мағынаны және әртүрлі түсіндіруге жатпайтын мағынаны қамтуға тиіс.	
98.	Жобаның 1-бабы 4-тармағы 11) тармақшасының жаңа төртінші абзацы	20-бап. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы ұлттық даму институты Заңды тұлға болып табылатын энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы ұлттық даму институты: ... 4) Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілерінен және <b>энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы</b> қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардан, сондай-ақ энергия-сервистік компаниялардан Мемлекеттік энергетикалық тізілімді қалыптастыру және жүргізу үшін қажетті	Жоқ.	Мынадай мазмұндағы жаңа абзацпен толықтырылсын: «4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын: «4) Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілерінен, <b>энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы</b> қызметті жүзеге асыратын <b>кәсіпкерлік субъектілерінен</b> , дара кәсіпкерлер болып табылатын энергия аудиторларынан, сондай-ақ энергия-сервистік компаниялардан Мемлекеттік энергетикалық тізілімді қалыптастыру және жүргізу үшін қажетті ақпаратты сұратады және алады;»	<b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b>  Құқықтық олқылықты жою мақсатында.	<b>Қабылданды</b>

		ақпаратты сұратады және алады;				
99.	Жобаның 1-бабы 4-тармағы 11) тармақшасының төртінші абзацы	<p>20-бап. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы ұлттық даму институты</p> <p>Заңды тұлға болып табылатын энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы ұлттық даму институты:</p> <p>...</p> <p>б) <b>Мемлекеттік</b> энергетикалық тізілім субъектілері жүзеге асыратын, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар тиімділігін бағалау мен талдауды, Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілерінің энергия ресурстарын тұтынуын талдауды алдыңғы жылмен салыстырмалы талдауды, Қазақстан Республикасында жалпы ішкі өнімнің энергия сыйымдылығы және энергия ресурстарын</p>	б) тармақшада: «Мемлекеттік» деген сөз «Іс-шаралар жоспарларының тиімділігін бағалау мен талдауды, мемлекеттік» деген сөздермен ауыстырылсын;»;	Мынадай редакцияда жазылсын: «б) тармақшадағы <b>«Мемлекеттік»</b> деген сөз <b>«Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларының тиімділігін бағалау мен талдауды, Мемлекеттік»</b> деген сөздермен ауыстырылсын;»;	<b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b>  Заң техникасы.	<b>Қабылданды</b>

		<p>пайдаланудың тиімділігі бойынша талдамалық зерттеуді, Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілерінің үлестік шығыстарын және энергияны пайдалану нормативтерін талдауды, осы Заңды іске жүзінде іске асыруды, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша ұсыныстар береді және уәкілетті органға жиынтық ақпаратты ұсынады;</p>				
100.	<p>1-баптың 4-тармағы 11) тармақшасының алтыншы абзацы</p>	<p>20-бап. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы ұлттық даму институты Заңды тұлға болып табылатын энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы ұлттық даму институты: 6-1) жоқ.</p>	<p>«6-1) мемлекеттік мекемелердің энергия тұтынуына мониторинг жүргізеді;</p>	<p>Мынадай редакцияда жазылсын: «6-1) мемлекеттік мекемелердің энергия тұтынуына мониторинг жүргізеді және өзінің интернет-ресурсында мемлекеттік мекемелердің энергия тұтынуына мониторинг жүргізу қорытындылары бойынша есепті орналастырады;».</p>	<p><b>Депутат Е.Н. Абақанов</b></p> <p>Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы ұлттық даму институтының ресми интернет-ресурсында ақпарат орналастыру арқылы энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында</p>	<p><b>Қабыл- данды</b></p>

					іске асырылып жатқан саясаттың жариялылығын қамтамасыз ету ұсынылады. Бұл ретте жинақталған ақпарат орналастырылатын болады.	
101.	1-баптың 4-тармағы 11) тармақшасының жетінші абзацы	20-бап. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы ұлттық даму институты Заңды тұлға болып табылатын энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы ұлттық даму институты: 6-1) жоқ.	6-2) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мониторингін жүргізу кезінде және мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде энергия тиімділігі бойынша талаптар қолданылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін өзекті ету бойынша ұсынымдарды дайындауға уәкілетті органға жәрдемдеседі;»;	Мынадай редакцияда жазылсын: «6-2) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік сатып алуға мониторинг жүргізу кезінде және тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезінде энергия тиімділігі жөніндегі талаптар қолданылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін өзекті ету жөнінде ұсынымдар дайындауға уәкілетті органға жәрдемдеседі;»;	<b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b>  Редакциясын нақтылау.	<b>Қабылданды</b>
102.	1-баптың 4-тармағы 11) тармақ-	20-бап. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру	Жоқ.	Мынадай мазмұндағы жаңа абзацпен толықтырылсын:	<b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b>	<b>Қабылданды</b>

	шасының жаңа сегізінші абзацы	саласындағы ұлттық даму институты Заңды тұлға болып табылатын энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы ұлттық даму институты: ... 7) <b>энергия аудиттері қорытындыларына</b> талдау жүргізеді және уәкілетті органға ақпарат ұсынады;		«7) тармақшадағы <b>«энергия аудиттері қорытындыларына»</b> деген сөздер <b>«энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі қорытындыларға»</b> деген сөздермен ауыстырылсын;	Заң жобасының бүкіл мәтіні бойынша терминдерді бірізді пайдалану үшін.	
103.	Жобаның 1-бабы 4-тармағы 12) тармақ-шасының жаңа екінші абзацы	21-бап. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы субъектілердің құқықтары мен міндеттері 1. Осы баптың 2 – 5-тармақтарында көрсетілген энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы субъектілер:	12) 21-бапта: жоқ;	Мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын: «1-тармақтың бірінші абзацындағы <b>«2–5-тармақтарында»</b> деген сөздер <b>«2, 3, 4 және 5-тармақтарында»</b> деген сөздермен ауыстырылсын;»	<b>Депутат С.Ж. Нақпаев</b> Жобада 2-1 және 3-1 жаңа тармақтармен толықтыру ұсынылады. Сонымен қатар, 1-тармақ (энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы субъектілер ретінде) мен жаңа 2-1-тармақ (энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы субъектілер ретінде) арасында әркелкі оқуды болдырмау мақсатында, сондай-ақ	<b>Қабылданды</b>

					3-тармақта және жаңа 3-1-тармақта көрсетілген субъектілердің қайталануын болдырмау мақсатында нақты тармақтарға сілтемелерді нақтылау ұсынылады.	
104.	1-баптың 4-тармағы 12) тармақшасының төртінші және жетінші абзацтары	21-бап. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы субъектілердің құқықтары мен міндеттері ... 2. Дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар: ... 3) энергетикалық ресурстарды, суды өндіруді және беруді жүзеге асыру кезінде жабдықтың, арматураның ақаулығынан, құбырларды жылу оқшаулаусыз пайдаланудан немесе энергия тұтыну жабдығының жұмыс режимін сақтамаудан	«суды» деген сөз алып тасталсын; ... 3-тармақта «мен судың» деген сөздер алып тасталсын;	Алып тасталсын.	<b>Депутаттар Е.Т. Жаңбыршин Д.Н. Тұрғанов</b> Заңның 1-бабының 10) тармақшасына сәйкес 10) энергетикалық ресурстар-запастағы энергиясы қазіргі уақытта шаруашылық және өзге де қызмет түрлерінде пайдаланылатын немесе перспективада пайдаланылуы мүмкін табиғи және өндірілген энергия көздерінің жиынтығы, сондай-ақ энергия түрлері (атом, электр, химия, электромагниттік, жылу және энергияның басқа да түрлері);	<b>Қабыл- данды</b>

	<p>туындаған олардың тікелей ысырабына жол бермеуге міндетті.</p> <p>...</p> <p>3. Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілері осы Заңның 9-бабында көрсетілген ақпаратты беруге және мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, энергия аудиті өткеннен кейін бес жыл ішінде, энергия аудиті қорытындылары бойынша айқындалған шамаға дейін энергетикалық ресурстар мен судың тұтыну көлемін өнімнің бірлігіне, үйлердің, құрылыстар мен ғимараттардың алаңы бірлігіне жыл сайын азайтуды қамтамасыз етуге міндетті.</p>			<p>ҚР «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Заңының 1 - бабының 1-4) тармақшасына сәйкес, жаңартылатын энергия көздері-күн сәулесінің энергиясы, жел энергиясы, гидродинамикалық су энергиясы сияқты табиғи процестер есебінен үздіксіз жаңартылатын энергия көздері.</p> <p>Осылайша, су табиғи энергетикалық ресурс болып табылады.</p> <p>Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін судың мәнінен басқа, нақты энергетика саласындағы Су ресурстарының маңыздылығын атап өтуге болмайды. Сонымен, жылу электр станцияларының жұмыс істеуі үшін айтарлықтай су көлемі қажет.</p>	
--	---	--	--	---	--

105.	1-баптың 4-тармағы 12) тармақшасының алтыншы абзацы	21-бап. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы субъектілердің құқықтары мен міндеттері ... 2-1. жоқ.	«2-1. Тапсырыс берушілер болып табылатын энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы субъектілер <b>тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді</b> мемлекеттік сатып алуды олардың энергия тиімділігі жөніндегі талаптарына сәйкес жүзеге асыруға міндетті.»;	Мынадай редакцияда жазылсын: «2-1. Осы <b>Заңда айқындалған</b> тапсырыс берушілер мемлекеттік сатып алуды және тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды энергия тиімділігі жөніндегі талаптарға сәйкес жүзеге асыруға міндетті.».	<b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b>  Редакциясын нақтылау.	<b>Қабылданды</b>
106.	1-баптың 4-тармағы 12) тармақшасының жетінші абзацы	21-бап. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы субъектілердің құқықтары мен міндеттері ... 3. Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілері осы Заңның 9-бабында көрсетілген ақпаратты беруге және мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, энергия аудиті өткеннен кейін	Жоқ.	12) тармақшаның жетінші абзацы мыңдай редакциясында жазылсын: <b>«3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын: «Бұл ретте, меншік құқығында жылжымайтын мүлкі жоқ мемлекеттік мекемелер осы Заңның 9-бабының 1-1-тармағында көрсетілген ақпаратты беруден босатылады.»».</b>	<b>Депутат Д.Н. Тұрғанов</b>  Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілерінің, атап айтқанда, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен мемлекеттік мекемелер үшін энергия тұтыну шегін алып тастау ұсынылады. Осылайша, 13 мыңнан астам ұйым баланста энергия ресурстарын	<b>Қабылданды</b>



		<p>бес жыл ішінде, энергия аудиті қорытындылары бойынша айқындалған шамаға дейін энергетикалық ресурстар мен судың тұтыну көлемін өнімнің бірлігіне, үйлердің, құрылыстар мен ғимараттардың алаңы бірлігіне жыл сайын азайтуды қамтамасыз етуге міндетті.</p> <p>Жоқ.</p>			<p>тұтынатын мүліктің болуына қарамастан, жыл сайынғы негізде мемлекеттік энергетикалық тізілімге ақпарат енгізуге міндетті болады.</p> <p>Осыған байланысты, балансында жылжымайтын мүлкі жоқ мемлекеттік мекемелер мемлекеттік энергетикалық тізілімге ақпарат енгізуден босатылатын норманы көздеу ұсынылады.</p>	
107.	<p>1-баптың 4-тармағы 12) тармақшасының тоғызыншы абзацы</p>	<p>21-бап. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы субъектілердің құқықтары мен міндеттері</p> <p>...</p> <p>3-1. жоқ.</p>	<p>«3-1. Энергетикалық ресурстарды жылына шартты отынның бір мың бес жүз және одан да көп тоннаға барабар көлемінде тұтынатын Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілері энергия үнемдеу және <b>тиімділікті</b> арттыру бойынша жауапты тұлғаны тағайындауға міндетті.»;</p>	<p>«<b>тиімділікті</b>» деген сөз «<b>энергия тиімділігін</b>» деген сөздермен ауыстырылсын.</p>	<p><b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b></p> <p>Редакциялық түзету.</p>	<p><b>Қабылданды</b></p>

108.	Жобаның 1-бабы 4-тармағы 12) тармақшасының тоғызыншы абзацы	21-бап. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы субъектілердің құқықтары мен міндеттері ... 3-2. жоқ.	Жоқ.	Мынадай мазмұндағы жаңа абзацпен толықтырылсын: «3-2. Энергетикалық ресурстарды жылына шартты отынның 50 000 және одан да көп тоннасына барабар көлемде тұтынатын Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілері уәкілетті орган белгілеген энергия тиімділігі жөніндегі нысаналы индикаторларға қол жеткізуді қамтамасыз етуге міндетті.»	Депутат <b>Д.Н. Тұрғанов</b> Мемлекет басшысының 2022 жылғы 2 наурыздағы энергетика және инженерлік инфрақұрылымды дамыту мәселелері жөніндегі кеңестің қорытындысы бойынша берген тапсырмасына сәйкес, энергия сыйымдылығын төмендету жөніндегі нақты көрсеткіштерді бекіте отырып, неғұрлым энергия сыйымды кәсіпорындарға (ТОП-100) энергия тиімділігі жөніндегі талаптарды әзірлеу қажет. Заңның ережелеріне сәйкес Уәкілетті органның осы актіні қабылдау жөніндегі құзыреті Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген жағдайларда ғана уәкілетті органның	Қабылданды
------	---	--	------	---	--	------------

					<p>нормативтік құқықтық актіні қабылдауына жол беріледі.</p> <p>Осыған байланысты уәкілетті органның энергияны көп қажет ететін 100 кәсіпорын үшін нақты нысаналы индикаторларды белгілеу жөніндегі құзыретін және оларға қол жеткізу жөніндегі міндетті көздеу қажет.</p> <p>Энергияны көп қажет ететін 109 кәсіпорын жылына 50 000 және одан да көп тонна шартты отынды тұтынады.</p>	
109.	<p>Жобаның 1-бабы 4-тармағы 12) тармақшасының оныншы абзацы</p>	Жоқ.	<p>4-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:</p>	<p>Мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p><b>«4-тармақта: бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:».</b></p>	<p><b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b></p> <p>Заң техникасы.</p>	<b>Қабылданды</b>
110.	<p>1-баптың 4-тармағы 12) тармақшасының жаңа он</p>	<p>21-бап. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы субъектілердің</p>	Жоқ.	<p>Мынадай мазмұндағы жаңа он үшінші және он төртінші абзацтармен толықтырылсын:</p> <p><b>«3) тармақша алып тасталсын;</b></p>	<p><b>Депутаттар С.В. Имашева А.Қ. Нұркина</b></p> <p>Қолданыстағы заңға сәйкес негізгі ірі кәсіпорындар 5 жыл</p>	<b>Қабылданды</b>

	<p>үшінші және он төртінші абзацтары</p>	<p>құқықтары мен міндеттері ... 4. Энергия-аудиторлық ұйымдар: ... 3) жартыжылдық қорытындылары бойынша 15 шілдеден және 15 қаңтардан кешіктірмей, есепті кезең ішінде берілген энергия аудиті жөніндегі барлық қорытындылардың көшірмелерін уәкілетті органға жіберуге міндетті. 5. Оқу орталықтары: ... 3) жартыжылдық қорытындылары бойынша 15 шілдеден және 15 қаңтардан кешіктірмей, есепті кезең ішінде берілген энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметті жүзеге асыратын кадрлардың қайта даярлаудан және (немесе) біліктілігін арттырудан өткені</p>		<p><b>5-тармақтың тармақшасы тасталсын;».</b></p>	<p><b>3) алып</b></p> <p>ішінде міндетті энергия аудитін жүргізеді және энергия аудиті қорытындысының көшірмесін мемлекеттік энергетикалық тізілімге ұсынады, ал энергия-аудиторлық ұйымдар жарты жылдың қорытындылары бойынша есепті кезеңде берілген энергия аудиті қорытындыларының көшірмелерін уәкілетті органға ұсынады. Осыған байланысты ақпаратты қайталау және бизнеске жүктемені төмендету мақсатында осы норманы алып тастайтынын ұсынамыз. Сондай-ақ, заң жобасына сәйкес дербес энергия аудиторларына тек үйлерде, құрылыстарда,</p>	
--	--	---	--	---	--	--

		<p>туралы барлық құжаттардың көшірмелерін уәкілетті органға жіберуге міндетті.</p> <p>...</p>			<p>құрылыстарда энергия аудитін жүргізу мүмкіндігін беру, сондай-ақ нысаналы және жедел энергия аудитін енгізу ұсынылады, бұл энергия аудиті саласын кеңейтеді және уәкілетті органда қорытындылар жинақталатын жағдайлар жасайды. Осыған байланысты Мемлекеттік энергетикалық тізілім операторына уәкілетті орган мониторинг жүргізетін ірі кәсіпорындар ұсынатын болады.</p> <p>Соңғы өзгерістерге сәйкес, оқу орталықтары энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы уәкілетті органның бақылау саласынан шығарылды. Сондай-ақ, оқу орталықтарында оқыған барлық мамандар (энергоаудиторларға,</p>	
--	--	---	--	--	---	--

					<p>энергоменеджерлерге кандидаттар, сарапшылар) осы оқу орталықтарында 5 жыл мерзімге курстардан өткені туралы куәлік алатынын хабарлаймыз.</p> <p>Тиісінше, осы куәлік энергия аудиторларына осы кандидаттар энергия аудиторының аттестатын алу үшін уәкілетті органға ұсынатын құжаттардың бірі болып табылады. Осыған байланысты бизнеске жүктемені азайту мақсатында жарты жылдың қорытындысы бойынша оқу орталықтарында оқудан өткендердің тізімін міндетті түрде ұсыну ұсынылады.</p>	
111.	Жобаның 1-бабы 4-тармағының жаңа	Жоқ.	Жоқ.	Мынадай мазмұндағы жаңа тармақшамен толықтырылсын: «15) мынадай	<p><b>Депутат</b> <b>Д.Н. Тұрғанов</b> Энергия аудиторларының</p>	<b>Қабылданды</b>

	15) тармақ-шасы			<p>мазмұндағы 23-1-баппен толықтырылсын:  <b>«23-1-бап. Өтпелі ережелер</b>  <b>Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы энергия аудиторының аттестаты бар энергия аудиторы энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы ұлттық стандарттар қабылданған күннен бастап алты ай өткен соң энергия аудиторының сәйкестігін растаудан өтуге құқылы.».</b></p>	<p>сәйкестігін растау тетігін енгізу жөніндегі уақытша шығындарды ескере отырып, өтпелі ережелерді көздеу қажет.</p>	
--	-----------------	--	--	---	--	--

**9. «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы**

112.	Жобаның 1-бабы 5-тармағының екінші және үшінші абзацтары	<p>2-қосымша  <b>Екінші санаттағы рұқсаттар ТІЗБЕСІ</b>  ...  <b>36</b> <b>Эне</b> <b>Энерги</b>  <b>9-</b> <b>ргия</b> <b>я</b>  <b>2.</b> <b>ауди</b> <b>үнемде</b>  <b>торл</b> <b>у және</b>  <b>ары</b> <b>энерги</b>  <b>на</b> <b>я</b>  <b>канд</b> <b>тиімділ</b></p>	<p>2-қосымшадағы 369-2-жол алып тасталсын;  3-қосымшадағы 49-тармақ «Энергия аудиті мен» деген сөздерден кейін «(немесе)» деген сөзбен толықтырылсын</p>	<p>Мынадай редакцияда жазылсын:  <b>«1) 2-қосымшаның 369-2-жолы алып тасталсын;</b>  <b>2) 3-қосымшаның 49-тармағы «аудиті мен» деген сөздер «аудиті және (немесе)» деген сөздермен ауыстырылсын;»;</b></p>	<p><b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b>   Заң техникасы.</p>	<b>Қабылданды</b>
------	--	--	--	---	--	-------------------

		<p>идат тард ы атте стат тау</p> <p>ігін арттыр у саласы ндағы энерги я аудито рының аттеста ты вности</p>			
		<p>...</p> <p>3-қосымша <b>Хабарламалар ТІЗБЕСІ</b></p> <p>...</p> <p>49. <b>Энергия аудиті</b> мен энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметті жүзеге асыратын кадрларды қайта даярлау және (немесе) олардың біліктілігін арттыру жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама</p>			

**10. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы» 2013 жылғы 16 қаңтардағы  
Қазақстан Республикасының Заңы**



113.	Жобаның 1-бабының жаңа 6-тармағы	60-бап. Көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті органның құзыреті Көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган: 1-1) жоқ.	Жоқ.	Мынадай редакциядағы 6-тармақпен толықтырылсын: «6. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы» 2013 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына: «60-бап мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын: <b>«1-1) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Шекара бөлімдерінің (бөлімшелерінің) ғимараттары мен құрылыстарын, сондай-ақ мемлекеттік шекара арқылы автомобиль өткізу пункттерін жобалауды және салуды ұйымдастырады;».</b>	<b>Депутат Д. Н. Тұрғанов</b>  Жобалау және құрылыс жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу Шекара қызметінің тән емес функциясы болып табылады. Осыған байланысты уәкілетті органға ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Шекара бөлімшелерін және ҚР Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерін жобалау мен салуды ұйымдастыру бойынша құзырет беру ұсынылады.	<b>Қабыл-данды</b>
<b>11. «Табиғи монополиялар туралы» 2018 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы</b>						
114.	Жобаның 1-бабының	9-бап. <b>Өзге</b> мемлекеттік органдардың құзыреті	<b>Жоқ.</b>	Мынадай мазмұндағы жаңа 6-тармақпен толықтырылсын:	<b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b>	<b>Қабыл-данды</b>

	<p>жаңа 6-тармағының 1) тармақшасы</p>	<p>Энергетика, теміржол көлігі, газды өндіру, тасымалдау (тасу), сақтау және көтерме саудада өткізу, сондай-ақ тауарлық және сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізу және тұтыну, су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы мемлекеттік органдар:</p> <p>...</p> <p><b>2-1) жоқ;</b> <b>2-2) жоқ.</b></p>		<p>«6. «Табиғи монополиялар туралы» 2018 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына: «1) 9-бап мынадай мазмұндағы 2-1) және 2-2) тармақшалармен толықтырылсын: «<b>2-1) табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламасы іс-шараларын қабылдаудың орындылығы немесе орынсыздығы туралы қорытындыны инвестициялық бағдарламаны бекітуге өтініш ұсынылған күннен бастап отыз жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органға жібереді; 2-2) табиғи монополия субъектісінің бекітілген инвестициялық бағдарламасының орындалуы туралы есепті қарау қорытындылары бойынша ол келіп түскен күннен бастап күнтізбелік қырық бес</b></p>	<p>Табиғи монополия субъектілерінің инвестициялық бағдарламаларын қарау мерзімдерін регламенттеу. Осы түзетулерді енгізу табиғи монополиялар субъектілерінің инвестициялық бағдарламаларын орындау есептерін жан-жақты, егжей-тегжейлі талдау мақсатында мемлекеттік органдармен бірлескен жұмысты іске асыруға мүмкіндік береді. Бұл ретте, аталған ұсыныстар сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу шеңберінде ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінен (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) келіп түсті.</p>	
--	--	---	--	---	---	--

				күннен кешіктірмей, бекітілген инвестициялық бағдарлама іс-шараларының орындалуын қабылдаудың орындылығы немесе орынсыздығы туралы өз қорытындысын белгіленген тәртіппен уәкілетті органға жібереді;»;		
115.	Жобаның 1-бабының жаңа 6-тармағының 2) тармақшасы	10-бап. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының құзыреті Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары: ... <b>2-1) жоқ;</b> <b>2-2) жоқ;</b>	Жоқ.	Жаңа 6-тармақ мынадай мазмұндағы 2) тармақшамен толықтырылсын: «2) 10-бап мынадай мазмұндағы 2-1) және 2-2) тармақшалармен толықтырылсын: <b>«2-1) табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламасы іс-шараларын қабылдаудың орындылығы немесе орынсыздығы туралы қорытындыны инвестициялық бағдарламаны бекітуге</b>	<b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b>  Табиғи монополия субъектілерінің инвестициялық бағдарламаларын қарау мерзімдерін регламенттеу. Осы түзетулерді енгізу табиғи монополиялар субъектілерінің инвестициялық бағдарламаларын орындау есептерін жан-жақты, егжей-тегжейлі талдау	<b>Қабылданды</b>

				<p>өтініш ұсынылған күннен бастап отыз жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органға жібереді;</p> <p>2-2) табиғи монополиялар субъектілері Мемлекеттік тіркелімнің жергілікті бөліміндегі табиғи монополия субъектісінің бекітілген инвестициялық бағдарламасының орындалуы туралы есепті қарау қорытындылары бойынша ол келіп түскен күннен бастап күнтізбелік қырық бес күннен кешіктірмей, бекітілген инвестициялық бағдарлама іс-шараларының нақты орындалуын қабылдаудың орындылығы немесе орынсыздығы туралы өз қорытындысын белгіленген тәртіппен уәкілетті органға жібереді;»».</p>	<p>мақсатында мемлекеттік органдармен бірлескен жұмысты іске асыруға мүмкіндік береді.</p> <p>Бұл ретте, аталған ұсыныстар сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу шеңберінде ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінен (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) келіп түсті.</p>	
--	--	--	--	--	---	--

116.	Жобаның 1-бабының жаңа 6-тармағының 3) тармақшасы	<p>21-бап. Инвестициялық бағдарламаны бекіту және оны өзгерту</p> <p>...</p> <p>6. Бекітілген инвестициялық бағдарламаның іске асырылуы және оны іске асыруға тартылған қарыз қаражатының қайтарылуы:</p> <p>...</p> <p>7.</p> <p>...</p> <p><b>Мемлекеттік бағдарламалар</b> іске асырылған жағдайда, табиғи монополия субъектісі уәкілетті органға және (немесе) өзге мемлекеттік органға не жергілікті атқарушы органға бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгерту туралы өтінішпен жүгінуге құқылы.</p>	Жоқ.	<p>Жаңа 6-тармақ мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:</p> <p>«3) 21-бапта: 6-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«6. Бекітілген инвестициялық бағдарламаны іске асыру және оны іске асыру үшін тартылған қарыз қаражатын қайтару, <b>сондай-ақ мемлекеттік бағдарламаларды және (немесе) ұлттық жобаларды іске асыру үшін тартылған қаражатты қайтару:</b>»;</p> <p>7-тармақтың екінші бөлігі «<b>Мемлекеттік бағдарламалар</b>» деген сөздер «<b>мемлекеттік бағдарламалар және (немесе) ұлттық жобалар</b>» деген сөздермен ауыстырылсын;»;</p>	<p><b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b></p> <p>Бүгінгі күні табиғи монополиялар субъектілері Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламалары шеңберінде (Нұрлы жер, Нұрлы жол) қаражат салу және қайтару бойынша іс-шаралар көзделген инвестициялық бағдарламаларды іске асыруда.</p> <p>Бұдан басқа, қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Үкіметі "қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған орнықты экономикалық өсу" ұлттық жобасын дайындады, онда бағыттардың бірі энергетика саласын дамыту болып табылады.</p> <p>Осыған байланысты, осы түзету Қазақстан</p>	<b>Қабылданды</b>
------	---	--	------	--	--	-------------------

					Республикасының мемлекеттік бағдарламасын және (немесе) ұлттық жобасын іске асыруға және тартылған қаражатты кейіннен қайтаруға мүмкіндік береді.	
117.	Жобаның 1-бабының жаңа 6-тармағының 4) тармақшасы	22-бап. Уәкілетті орган бекіткен тарифті қолданылу мерзімі өткенге дейін өзгерту тәртібі 1. Уәкілетті орган бекіткен тарифті қолданылу мерзімі өткенге дейін өзгертуге мыналар негіздер болып табылады: 1) стратегиялық тауарлар құнының және (немесе) мемлекеттік реттеуге жататын стратегиялық тауарларды тасымалдауға тарифтердің (бағалардың) өзгеруі; ... 4) Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламаларын іске	Жоқ.	Жаңа 6-тармақ мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын: «4) 22-бапта: 1-тармақта: 1) тармақшадағы « <b>тауарлар</b> » деген сөз « <b>тауарлардың түрі мен</b> » деген сөздермен ауыстырылсын; 4) тармақша « <b>Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламаларын</b> » деген сөздер « <b>мемлекеттік бағдарламаларды және (немесе) ұлттық жобаларды</b> » деген сөздермен ауыстырылсын; 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «3. Тарифті өзгерту уәкілетті органның бастамасы бойынша	Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті Уәкілетті орган бекіткен реттеліп көрсетілетін қызметке тарифті жылу энергиясын өндіруге жағылатын отын түрі өзгерген кезде оның қолданылу мерзімі өткенге дейін өзгерту жөніндегі нормалардың болмауына байланысты, өйткені жылу энергиясын өндіру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке шекті тарифтер ұзақ мерзімді кезеңге бекітілген және тарифтік сметаның құрылымында	Қабылданды

		<p>асыруға байланысты бекітілген инвестициялық бағдарламаның өзгеруі; ...</p> <p>3. Тарифті өзгерту уәкілетті органның немесе табиғи монополия субъектісінің бастамасы бойынша <b>жылына бір реттен жиілетпей</b> жүзеге асырылады.</p>		<p><b>жылына екі реттен асырылмай</b> және табиғи монополия субъектісінің бастамасы бойынша <b>жылына бір реттен асырылмай</b> жүзеге асырылады.»».</p>	<p>тауарлық табиғи газдың шығысы ескерілмейді. Уәкілетті орган, сондай-ақ табиғи монополиялар субъектісі бекіткен шекті тарифке сәйкес жыл сайынғы тариф өзгерген жағдайда, қолданыстағы тарифке өзгерістер енгізу (стратегиялық тауарлар және (немесе) мемлекеттік реттеуге жататын стратегиялық тауарларды тасымалдауға арналған тарифтер (бағалар) құнының өзгеруі, көлемдердің ұлғаюы, салық мөлшерлемелерінің өзгеруі, бекітілген инвестициялық бағдарламаның өзгеруі) мүмкіндігі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламаларын іске асыруға және т.б. байланысты).</p>	
--	--	---	--	---	---	--

118.	Жобаның 1-бабы жаңа 6-тармағының 5) тармақшасы	26-бап. Табиғи монополия субъектісінің құқықтары мен міндеттері ... 1. Табиғи монополия субъектісі: ... 3) анағұрлым тиімді әдістер мен технологияларды қолдануға, <b>энергетикалық аудиттің</b> қорытындысы бойынша әзірленген энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруға, нормативтік техникалық ысыраптарды төмендету жөніндегі іс-шараларды жүргізуге немесе ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемдерін табиғи монополия субъектісіне байланысты емес себептер немесе конкурстық (тендерлік) рәсімдерді өткізу нәтижелері бойынша	Жоқ.	Жаңа 6-тармақ мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын: «5) 26-бапта: 1-тармақтың 3) тармақшасындағы «энергетикалық аудиттің» деген сөздер «энергия аудитінің немесе экспресс-энергия аудитінің» деген сөздермен ауыстырылсын; 2-тармақтың бірінші бөлігінде: 15) және 16) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын: «15) бекітілген тарифтік сметада көзделген шығындардың баптарын бекітілген тарифтік сметаны бекітілген тарифтік сметада көзделген мөлшерлердің кемінде бес пайызына орындамауды және осы Заңның 33-бабы 2-тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, бекітілген тарифтік сметаны орындауға; 16) осы Заңның 33-бабы 2-тармағының 3) тармақшасында көзделген	<b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b> Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша бекітілген тарифтік сметаны орындау міндеті бойынша уәкілетті органның бақылау функцияларын қолдану бойынша әртүрлі тәсілдерді қолдану фактілері анықталды. «Табиғи монополиялар туралы» ҚР Заңының 33-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес уақытша өтемдік тарифті бекітуге мыналар негіз болып табылатындығын ескере отырып: мынадай жағдайларды қоспағанда, бекітілген тарифтік смета шығындарының баптарын бекітілген тарифтік сметада көзделген мөлшерлерден 5	<b>Қабылданды</b>
------	--	---	------	--	---	-------------------



	<p>қысқартуға байланысты шығындарды үнемдеу нәтижесінде пайда болған, іс-шаралар орындалған жағдайда бекітілген инвестициялық бағдарламада және бекітілген тарифтік сметада көзделген шығындардың толық пайдаланылмаған бөлігіне дербес билік етуге;</p> <p>2. Табиғи монополия субъектісі: ... 15) бекітілген тарифтік сметаны орындауға; 16) бекітілген инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын орындауға; 17) жыл сайын, есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей уәкілетті органға бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы</p>		<p>жағдайларды қоспағанда, бекітілген инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын орындауға; 17) тармақша «есепті» деген сөзден кейін «электрондық нысанда» деген сөздермен толықтырылсын; б) 33-баптың 2-тармағы 4) тармақшасының екінші абзацындағы «энергетикалық аудиттің» деген сөздер «энергия аудитінің немесе экспресс-энергия аудитінің» деген сөздермен ауыстырылсын;».</p>	<p>пайыздан артық орындамау: неғұрлым тиімді әдістер мен технологияларды қолдануға, энергетикалық аудит қорытындылары бойынша әзірленген энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруға, нормативтік техникалық ысыраптарды азайту жөніндегі іс-шараларды жүргізуге байланысты шығындарды үнемдеуге; табиғи монополия субъектісіне емес себептер бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемінің төмендеуіне байланысты шығындарды үнемдеу. Бұл ретте бекітілген тарифтік сметаны орындамаудың жалпы сомасынан</p>	
--	--	--	--	---	--

		есептерді, өзге мемлекеттік органға не жергілікті атқарушы органға бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есепті ұсынуға;			көлемдердің төмендеуіне мөлшерлес толық алынбаған табыс сомасы алып тасталады, негізсіз табыстың қалған сомасына уәкілетті орган уақытша өтемдік тариф енгізеді; өткізілген конкурстық (тендерлік) рәсімдердің нәтижелері бойынша қалыптасқан ақшаны үнемдеу. Сонымен, Заңның бұл нормасы ТМС-ға бекітілген тарифтік сметаның шығын баптарын орындамаудағы қателіктің 5% мөлшерін береді. Мұндай жағдайларда ТМС үшін уақытша өтемдік тариф енгізілмейді.	
119.	Жобаның 1-бабы жаңа 6-тармағы-	33-бап. Уақытша өтемдік тариф ... 2. Уақытша өтемдік тарифті бекітуге		Жаңа 6-тармақ мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:	<b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b>	<b>Қабылданды</b>

	ның 6) тармақшасы	мыналар негіздер болып табылады: 4) ... анағұрлым тиімді әдістер мен технологияларды қолдануға, <b>энергетикалық аудиттің</b> қорытындысы бойынша әзірленген энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруға, нормативтік техникалық ысыраптарды төмендету жөніндегі іс-шараларды жүргізуге байланысты шығындарды үнемдеу; ...		«6) 33-баптың 2-тармағы 4) тармақшасының екінші абзацындағы <b>«энергетикалық аудиттің»</b> деген сөздер <b>«энергия аудитінің немесе экспресс-энергия аудитінің»</b> деген сөздермен ауыстырылсын;	Заң жобасының нормаларына сәйкес келтіру.	
<b>2-бап</b>						
120.	2-бап	Жоқ.	2-бап. 1. Осы Заң: <b>ұлттық стандарттар қабылданған күннен бастап 12 ай өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 4-тармағы 1) тармақшасының он алтыншы абзацын, 9)</b>	Мынадай редакцияда жазылсын: <b>2-бап. Осы Заң:</b> <b>1) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы ұлттық стандарттар қабылданған күннен бастап алты ай өткен соң</b>	<b>Экология мәселелері және табиғат прайдалану комитеті</b>  Кейінге қалдыру нормаларын 4-баптың 4-тармағының 15) тармақшасына	<b>Қабылданды</b>

			<p>тармақшасының екінші және үшінші абзацтарын, 12) тармақшасының он бірінші абзацын, 5-тармағының екінші абзацын; 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 4-тармағының 7) тармақшасын; ұлттық стандарттар қабылданған күннен, бірақ ерте дегенде 2022 жылғы 30 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 4-тармағы 1) тармақшасының он үшінші абзацын, 2) тармақшасының жетінші абзацын, 8) тармақшасының үшінші және бесінші абзацтарын, 10) тармақшасының үшінші, төртінші, бесінші және алтыншы абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен</p>	<p>қолданысқа енгізілетін 1-баптың 6-тармағы 10) тармақшасының төртінші абзацын; 2) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы ұлттық стандарттар қабылданған күннен бастап он екі ай өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 6-тармағы 1) тармақшасының оныншы және он жетінші абзацтарын, 2) тармақшасының оныншы абзацын, 9) тармақшасының бесінші – тоғызыншы абзацтарын, 10) тармақшасының бесінші – сегізінші абзацтарын, 11) тармақшасының он алтыншы – жиырма екінші абзацтарын, 12) тармақшасының төртінші және бесінші абзацтарын, 13) тармақшасының он екінші және он үшінші абзацтарын және 8-тармағының 1) тармақшасын қоспағанда, алғашқы</p>	<p>ауыстыруға байланысты.</p>	
--	--	--	--	---	-------------------------------	--

			соң қолданысқа енгізіледі. 2. Энергия аудиторларының аттестаттары ұлттық стандарттар қабылданған күннен бастап 12 ай өткен соң жарамсыз деп танылады.	ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.».		
--	--	--	--	--	--	--

Ескертпе: Заң жобасының мәтінін «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және әдеби тіл нормаларына сәйкес келтіру керек.

Комитет төрағасы

А. Милютин



*Дұрыс: Құжаттамалық қамтамасыз ету  
бөлімінің сектор меңгерушісі  
Майф Н. М. Айбынбаев.*